

Almaty

AQSHAMY



ҚОҒАМДЫҚ ҚОЛДАУ

3

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №20-21 (6699) 24 ақпан, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

АТА ЗАҢ

ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯ:

Сенаторлар әлеуметтік сала өкілдерімен кездесті

ҚР Парламент Сенатының бірқатар депутаттары Алматыда әлеуметтік сала өкілдерімен кездесті. «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы мүшелері ретінде депутаттар әлеуметтік саланы дамытуға қатысты өзекті мәселелерді, қоғамдық бастамаларды және мемлекеттік институттарды одан әрі жетілдіру бағыттарын талқылады.

Кездесуде ұсынылып отырған конституциялық өзгерістерді және олардың елдің одан әрі дамуы үшін маңызы талқыланып, әлеуметтік сала өкілдерімен ашық диалог жүргізілді.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Сұлтанбек Мәкежанов Конституцияны жаңғырту қазіргі заман талаптары мен қоғамның даму сұранысына байланысты екенін атап өтті.

Сенат депутаты Жанна Асанова жаңа Конституция әрбір азаматтың мүддесін ескеретін және қоғамдық келісімді нығайтуға ықпал ететін құжат болуы тиіс екенін айтты. Ол негізгі бағыттардың қатарында заң үстемдігін қамтамасыз ету және сот жүйесінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуды атады.

Өз кезегінде Сенат депутаты Нұрия Ниязова қоғаммен тұрақты кері байланыстың реформаларды табысты іске асыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Талқылау барысында орталық қызметкерлері әлеуметтік саланы дамытуға қатысты мәселелерді көтеріп, қарастырылып отырған бастамалар жөнінде өз пікірлерін білдірді.



ПРЕСС-ТУР

ДАБЫЛҒА ДАЙЫН

Төтенше жағдайлар жүйесі жаңғыртылады



Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі мен Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бірлесіп, Департамент бастығы Дамир Ермағамбетовтің қатысуымен соңғы екі жылдағы жұмыстың қорытындылары мен құтқару бөлімшелерінің қызметіндегі негізгі өзгерістерге арналған баспасөз туры өткізді.

6

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



«Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

ELECTION.GOV.KZ



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Тұңғышбай ЖАМАНҚҰЛОВ,
актер, режиссер, Қазақстанның халық әртісі:

Бірге болайық, ағайын!

Қазіргі реформа еліміздегі ең үлкен саяси оқиға. Бұл – Ата Заңымызды қайта қарап, кейбір кем тұстарын түзетіп, тиянақтап жасайтын үлкен жұмысымыз. Алдағы 15 наурыздағы референдум арқылы осыны жалпы халықтық деңгейде қабылдамақпыз. Осындай маңызды реформаларға бәріңізді бір кісідей атсалысып қатысуға шақырамын. Дәл қазір Ата Заңның баптары халықтың талқылауына түсіп жатыр. Меніңше, Конституциямыз бізді бұрынғыдай жерге қаратпайды, яғни бүкіл дүние жүзінде біздің мерейіміз үстем болып жүретініне кәміл сенемін. Бірге болайық, ағайын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Жанатбек ІШПЕКБАЕВ, с.ғ.к., профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ аппарат басшысы:

Саяси жүйе эволюциясы

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, саяси жүйені жаңғыртудың ең тиімді жолдарының бірі – Конституциялық реформа арқылы билік институттарын қайта теңгеру. Мысалы, Францияда президенттік өкілеттіктерді шектеу және парламенттік бақылауын күшейту биліктің жауапкершілігін арттырып, саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді. Оңтүстік Корея мен Чилиде авторитарлық басқарудан бас тарту, Конституцияны реформалау арқылы тәуелсіз сот пен парламенттің рөлін күшейтті. Ал Индонезияда Президенттік мерзімдерді шектеу саяси транзиттің бейбіт әрі институционалдық жолмен өтуіне жағдай жасады.

Қазақстанда да конституциялық реформа елдің саяси жүйесін эволюциялық жолмен жаңғыртуға бағытталған. 20 қаңтардағы Ұлттық құрылтайда Президент реформалардың қоғамның сұранысына және мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес жалғасатынын атап, жаңа саяси институттарды – Қазақстан халық кеңесі мен Вице-президент институтын енгізу бастамасын көтерді. Өзгерістер тек Парламенттің 40 бабымен шектелмей, Президент, Үкімет және Сот билігіне қатысты бөлімдер мен нормаларды да қамтиды, сондай-ақ Конституция мәтініндегі стильдік, терминологиялық кемшіліктерді түзету және кейбір нормаларды нақтылау қажет екені айтылды.

Реформа тек Парламентпен шектелмей, Президент, Үкімет және Сот билігіне қатысты өзгерістерді қамтиды. Құрылтайдан кейін 130-ға жуық сарапшы қатысқан Конституциялық комиссия толық жаңа Ата Заң жобасын әзірлеп, ол халық қарауына ұсынылды: 11 бөлім, 95 бап, Конституцияның шамамен 84%-ы жаңартылды.

Бұл реформа тек заңдық жаңарту ғана емес, сонымен қатар елдің саяси жүйесін тұрақты әрі ашық дамытуға бағытталған стратегиялық қадам. Жаңа Конституция – Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес, қоғамның әділеттілік пен жауапты басқару талаптарына жауап беретін институционалдық негіз екенін көрсетеді.

Бағдәулет АБЫЗБАЕВ,
Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжінің директоры:

Болашаққа сенім негізі

Қоғамдағы кез келген үлкен өзгеріс алдымен адамдардың ой-санасына, күнделікті өміріне және болашаққа деген сеніміне әсер етеді. Бүгінде ұсынылып отырған конституциялық өзгерістерге көзқарас әртүрлі болғанымен, халықтың ортақ тілегі – тұрақтылық, әділеттілік және айқын ережелермен өмір сүру.

Білім саласында еңбек ететін маман ретінде Конституцияны заңдар жинағы деп қана емес, болашақ ұрпақтың өмір сүру ортасын айқындайтын құжат деп қабылдаймыз. Студенттерге құқық пен міндет, жауапкершілік пен әділдік туралы түсіндіру – Негізгі заңмен тікелей байланысты тәрбие жұмысы. Сондықтан реформалар біз үшін ерекше маңызға ие. Қоғамда «заң баршаға ортақ болуы керек» деген пікір кең қолдау табуда. «Заң мен тәртіп» қағидатының айқындалуы – жастар тәрбиесіне оң әсер ететін маңызды қадам. Себебі, жас буын үлкендердің заңға деген құрметінен үлгі алады.

Білім, ғылым және инновацияның стратегиялық басымдық ретінде көрсетілуі де халық үмітіне сай келеді. Әсіресе, кәсіптік білім алып жатқан жастар үшін бұл – болашаққа сенім. Ауылдан келген студенттердің ата-аналары сапалы біліммен қатар, балаларының жұмысқа орналасуына алаңдайды. Адами капиталды дамыту бағытының конституциялық деңгейде бекітілуі – осындай әлеуметтік сұранысқа жауап болады.

Менің пайымымда құқықтар мен бостандықтардың кеңейтілуі, жеке өмір мен дербес деректердің қорғалуы цифрлық дәуірде аса өзекті. Сонымен қатар, міндеттер бөлігінің күшейтілуі – құқық пен жауапкершіліктің қатар жүруін қамтамасыз етеді. Саналы қоғам осы тепе-теңдіктен қалыптасады. Экологияға қатысты нормалардың енгізілуі де жұртшылық тарапынан қолдау табуда. Табиғатты қорғау – баршамызға ортақ міндет. Студенттердің экологиялық акцияларға қатысуы олардың азаматтық жауапкершілігін нығайтады. Зайырлыққа қағидатының нақты бекітілуі білім беру саласы үшін маңызды, себебі қоғамдық тәртіп жалпыға бірдей.

Сайлау жүйесі мен мемлекеттік басқарудағы өзгерістерге қатысты пікірлер әртүрлі болғанымен, халық ашықтық пен есеп берушіліктің артқанын қалайды. Бұл – азаматтық белсенділіктің белгісі деп ойлаймын. Қорытындылай айтқанда, білім саласының өкілдері конституциялық өзгерістердің құқықтық жауапымен қатар, тәрбиелік маңызы зор қадам деп қабылдайды. Халықтың басты арманы – әділетті, тұрақты, білімді ұрпақ өсетін мемлекетте өмір сүру. Бұл мақсатқа жету әрқайсымыздың жауапкершілігімізден басталады.

Алматыда «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» атты Жалпыұлттық коалиция мүшелері жаңа Конституцияның жаршысы ретінде қаладағы түрлі саланың өкілдерімен кездесу өткізуде. Түрлі мазмұндағы жиындарда коалиция мүшелері Ата Заңның жаңа жобасын жан-жақты түсіндіріп, маңызды саяси реформаның жұртшылыққа жетуіне зор үлес қосуда.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖАРШЫСЫ

Қоғамды ұйыстыратын реформа

Қазақстан халқы Ассамблеясының Журналистер клубы алаңында алматылық сарапшылар және баспасөз өкілдері жаңа Конституцияның бағыт-бағдарын және алда болатын Референдумның маңызын талқылады.

Республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктердің басшылары мен ҚХА қоғамдық құрылымдарының өкілдері қатысқан жиында жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері және олардың мемлекеттің одан әрі дамуы үшін маңызы атап өтілді. Сондай-ақ, елдің орнықты және жүйелі дамуының маңызды факторы ретінде этносаралық өзара іс-қимылды дамытуға ерекше назар аударылды.

«Дөңгелек үстелге» қаладағы дзюдо, күрес, таэквондо, ауыр атлетика, гимнастика, жеңіл атлетика, велоспорт және теннис федерацияларының өкілдері қатысты. Спорт мамандары қоғамдағы тұрақтылық, салауатты өмір салтын қалыптастыру және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мәселелеріне тоқталып, конституциялық өзгерістердің маңызын саралады.

Іс-шараға қатысушылар жаңа Конституция жобасының маңызды жаңалықтарының бірі – цифрландыру мәселесі екенін де атап өтті. Сондай-ақ, интернет-алайқтық жағдайларына байланысты заң жобасында алғаш рет жеке деректерді қорғау және цифрлық құқықтарды қамтамасыз ету мәселелері нақты бекітілгені ай-



Суретті түсірген Самбат СЕРІКБА ДУЛЫ.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Журналистер клубының төрағасы Олеся Клименко клуб құрамындағы этножурналистер әріптестерін жаңа Конституция туралы және алда өтетін Референдумның мақсат-мүддесін халыққа түсіндіру жұмыстарына барынша атсалысуға үндеп отыратынын атап өтті.

– Біз қоғам үшін өзекті деп танылған мәселені бүгінгідей жиі талқылап отырамыз. Себебі, оқырманмызға оны адастырмайтындай дұрыс, нақты әрі ресми ақпарат жетуі тиіс деп ойлаймын. Біз тарататын, түсіндіретін ақпараттар арқылы оқырманның жаңа Конституция, Референдум туралы толық мәлімет алуы маңызды. Әрине, тек газет бетіндегі материалдармен шектеліп қалмай, электрондық нұсқамызды, YouTube каналдарымызды, әлеуметтік желідегі парақшаларымызды да осы тұрғыда сәтті пайдалануымыз. Біздің ақпараттық платформаларымызды қадағалап отыратын шетелдік оқырмандарымыз да аз емес. Ел ішіндегі бірлік пен өзара түсіністік, этносаралық татулық Қазақстанның тұрақты дамуының өзегі екенін әр оқырманның жүрегіне жеткізе білсек, саясаттағы ішкі және сыртқы беделіміз де биік болмақ, – дейді әріптесіміз Олеся Клименко.

Журналистер клубының мүшелері жаңа Конституция елдің ең басты құндылығын айқындап, қоғамды ұйыстыратын негізгі бағыттарды нақтылап отырғанын айта келе, реформаны қолдайтындықтарын жеткізді.

Спорт қауымдастығы қолдау танытты

Сондай кездесулердің бірі қаладағы спорт қауымдастығы өкілдерімен өтті. Азаматтық жауапкершілікті арттырып, ел дамуына бағытталған бастамаларды талқылау мақсатында ұйымдастырылған жиында реформа мәні терең талқыланды.

– Конституция – жәй ғана заңдар жинағы емес, ол – мемлекеттің жүрегі, халықтың үні мен ортақ келісімі. Әр азаматтың құқығы мен еркіндігін, әділдік пен теңдігінің кепілі. Сондықтан барша халықты Конституцияның жаңа жобасын қолдауға шақырамын, – деді «Аманат» партиясы Бостандық аудандық филиалының төрағасы Сәбен Тынышқали.

Тылды. Ұйымдастырушылардың сөзінше, мұндай алаңдар түрлі сала өкілінің пікір алмасуына, ортақ көзқарас қалыптастыруға және қоғамдық диалогты нығайтуға мүмкіндік береді.

Тағдырлы шешімдердің талқы алаңы

Ауқымды саяси реформа жөніндегі қоғамдық талқылар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қабырғасында жиі ұйымдастырылуда. Бұл рет ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, прокуратура органдарының өкілдері, құқықтанушы ғалымдар мен сарапшылар қатысқан «Конституциялық реформа Қазақстанда: Мемлекет институттары мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылының құқықтық негіздері» атты «дөңгелек үстел» өтті.

Іс-шара республикалық референдум қарсаңында ұйымдастырылып, жаңа Конституция жобасының мазмұны, конституциялық реформалардың мәні мен қоғам үшін маңызы жан-жақты қаралды. Қатысушылар мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың құқықтық тетіктері бойынша пікір алмасты.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев жоғары оқу орындары ел үшін маңызды, тағдырлы шешімдер талқыланатын дәстүрлі зияткерлік алаң екенін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, конституциялық жаңғырту саяси жүйені түбегейлі жетілдіруге және азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған.

– Мемлекет тарихында алғаш рет жаңа Конституция жобасы бүкіл қазақстандық қоғамның кең талқысына ұсынылып отыр. Бүгінгі күнге дейін 10 мыңнан астам азамат өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді, – деді Жансейіт Түймебаев.

Алматы қаласының прокуратурасының қатысуымен өткен іс-шараға ҚазҰУ-мен қатар басқа да жоғары оқу орындарынан сарапшылар мен профессорлар жиналды. «Дөңгелек үстелге» қатысушылар алдағы референдумның «Әділетті Қазақстанды» құру жолындағы маңызды қадам екенін атап өтті. Кездесу нәтижесінде конституциялық жаңғыру аясында заңнаманы жетілдіру мен құқық қолдану тәжірибесін жақсартуға бағытталған сараптамалық ұсыныстар дайындалды.

**Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШ,
Дана САДЫРҚАН, Аяжан ҚУАНЫШОВА**



ҚОҒАМДЫҚ ҚОЛДАУ



Референдум қарсаңында Алматыдағы түрлі қоғамдық топтар арасында жаңа Конституцияны талқылаған жиындары түрлі форматта ұйымдастырылуда. Оған Қазақстан халқы Ассамблеясынан тартып, жетекші саяси партиялар және шаһарда құрылған Жалпыұлттық коалицияда белсенді атсалысып келеді.

Ассамблея жастары үн қосты

Алматы қаласы ҚХА «Ассамблея Жастары» мүшелері Медеу ауданының комьюнити-орталығында өткен диалог алаңында жаңа Конституция жобасы мен алдағы референдумды талқылады.

Ұйымдастырушылар іс-шара мақсаты – жаңа Конституция жобасының мәнін жастарға түсіндіру, азаматтық белсенділікті арттыру және ашық диалог мәдениетін дамыту екенін атап өтті. Кездесу барысында қатысушылар елдің стратегиялық даму бағыттарын, құқықтық өзгерістердің қоғам өміріне әсерін, сондай-ақ жастардың әлеуметтік-саяси процестердегі рөлін талқылады. Диалог алаңы еркін форматта өтті. Сондықтан жастар сарапшыларға сұрақ қойып, өз ұсыныстарын еркін білдірді.

Жастарға түсіндіру жұмысын жүргізген Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Рустам Қайрыев жаңа Конституция жобасы заман талабына сай екенін айтты.

– Алдағы референдум алдында және жаңа Конституция жобасын талқылау мақсатында диалог алаңы ұйымдастырылып отыр. Сарапшылардың бағалауынша, соңғы 15 жылда әлемде 3200-ге жуық саяси реформа жүргізілген. Оның 95%-ы әртүрлі мемлекеттерде оң өзгерістерге әкелген. Жастар арасында бұл

реформалардың қажеттілігі туралы сұрақ қойылып жатады. Шын мәнінде, әрбір конституциялық реформа уақыт талабынан туындайды. Олар жайдан-жай өзгертілмейді. Мысалы, қолданыстағы Конституцияда азаматтардың цифрлық қауіпсіздігі туралы ештеңе айтылмаған. Ал жаңа жобада бұл мәселе көрсетілген, – деді ол.

«Шымбұлақ» ұжымымен кездесті

Алматыда «Аманат» партиясының өкілдері мен мәслихат депутаттары «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортының ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында курорт қызметкерлеріне жаңа Конституция жобасындағы маңызды шешімдер таныстырылып, алдағы референдумға қатысудың маңыздылығы түсіндірілді. Іс-шараға Алматы мәслихатының депутаттары Қарашаш Жүзеева, Елена Тё және «Аманат» партиясы Медеу аудандық филиалының басшысы Ержан Медеуов қатысты.

Елена Тё қолданыстағы Ата Заң мен жаңа Конституция жобасындағы басты айырмашылықтарға тоқталды. Жаңа заң жобасына сәйкес, Мәжіліс пен Сенат құрылымдарының орнына Құрылтай пайда болады. Яғни заң шығарушы орган – Парламент бір палаталы болады. Ол заман талабына сай заң жобалары-

на жылдам қабылдауға әсер етпек. Сондай-ақ, елімізде алғаш рет вице-президент институты енгізіледі.

Ал Қарашаш Жүзеева референдум өткізудің маңыздылығына тоқталып, оған қатысу әр адамның азаматтық парызы екенін атап өтті.

– Мәтінің шамамен 84 пайызына түзетулер енгізілмек. Яғни құжат айтарлықтай жаңарады. Осыған байланысты 15 наурызға референдум жарияланды. Меніңше, референдум – демократияның ең жоғары көрінісі. Өйткені, дәл осы сәтте әр азамат өз еркін білдіріп, дауыс беру не бермеу туралы шешім қабылдай алады. Егер жаңа Конституция жобасы қабылданса, ол биылғы 1 шілдеден бастап заңды күшіне енеді, – деді депутат.

Құрылысшылар қолдау білдірді

Қалалық мәслихат депутаттары мен «Аманат» партиясының өкілдері «ATRIX Group» құрылыс компаниясының ұжымымен де кездесу өткізді. Жиын кезінде компания басшылығы мен жұмысшыларына қолданыстағы Ата Заң мен жаңа Конституция жобасының айырмашылығы, жаңа шешімдер мен ел болашағына әсер ететін өзгерістер таныстырылып, маңызды тұстары түсіндірілді.

– Қолданыстағы Конституция 30 жылдан астам уақыт бұрын қабылданды. Одан бері геосаяси, экономикалық жағдай түбегейлі өзгерді. Сондықтан Ата Заңға өзгерістер енгізу заман талабы. Жаңа Конституция жобасы қабылданған жағдайда Мәжіліс пен Сенат палаталары біріктіріліп, бір палаталы Құрылтай пайда болады. Онда елімізде тіркелген барлық партиялардан 145 депутат сайланады. Олар 8 комитетке бөлінеді. Одан бөлек, елімізде вице-президент лауазымы пайда болады. Бұрын белгілі бір жағдай Мемлекет басшысының қызметін Сенат төрағасы атқара алатын. Енді бұл функциялар вице-президентке тапсырылады, – деді мәслихат депутаты Әміржан Набиев.

Ал компания қызметкерлерінің сұрағына жауап берген «Аманат» партиясы Медеу аудандық филиалының басшысы Ержан Медеуов вице-президентті Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен Президент тағайындайтынын атап өтті. Мәслихат депутаты Елена Тё жаңа Конституция жобасында отбасылық құндылықтарына ерекше мән берілгенін айтты. Оның сөзінше, енді заң жүзінде ер мен әйелдің некесі ғана отбасы деп танылады.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Досхан ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Қазақстанның халық әртісі:

Кәделі күн

Референдум өтетін 15 наурыз халқымыз үшін кәделі күндердің бірі болмақ. Жалпы қазақстандықтар бұл – күнделікті тыныс-тіршілігіміздің, ертеңгі ұрпағымыздың айқын, сенімді қадамдары үшін, бүгінгі ақ жаулықты аналарымыз, самайларын еңбекпен ағартқан ақсақалдарымыз үшін ең бір жауапты күндердің бірі деп ойлаймын. Сондықтан осы бір тарихи қадамды бірге басып, референдумға келулеріңізге ықылас білдіргім келеді. Әрине, әр азаматымыздың қадамы жауапты, дауысы маңызды. Бұл – әркімнің өз еркі болғанымен, бірақ әркім өзі болашағы үшін жасауы қажет қадам.



Қарагөз СҮЛЕЙМЕНОВА,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Заман талабы

Елімізде талай өзгерістер болып жатыр. Мұның барлығы біздің еліміздің болашағы үшін маңызды, себебі заман бір орында тұрған жоқ. Сол заманға сай біз де өзгеріп отыруымыз керек. Сондықтан жаңа Конституция жобасына байланысты ел азаматтарын 15 наурызда референдумға келіп, дауыс беруге шақырамын. Себебі, ел біздікі, жер біздікі. Жалпы саяси аренада біраз мемлекеттің басты заң құжаттарында 3000-ға жуық өзгерістер болған. Сондықтан бұл біздің ары қарай дамуымыз үшін, оның ішінде ғылым, инновация, медицина мен басқа да салалар дамуы үшін аса маңызды. Біз саяси аренада өзық тұруға қадам жасауымыз керек.



Салтанат БАЙҚОШҚАРОВА, «NGC»
Халықаралық репродукция орталығы және «ЭКОМЕД» адам ұрпағын өрбіту клиникалар тобының ғылыми директоры:

Маңызды мәселелер нақтыланды

Жаңа Конституция жобасында еліміздегі ең маңызды мәселелер қарастырылған. Мысалы, дін мен мемлекеттің аражігі нақты ажыратылып бекітілді. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалады. Сонымен қатар, алғаш рет цифрлық қауіпсіздік мәселесі қосылды. Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация бағыты анықталды. Сондықтан бәріміз референдумға барып, дауыс беруіміз керек. Саяси өзгерістер ертеңгі күні біздің өмірімізге тікелей әсер етеді. Сондықтан мен өз учаскеме барып, дауыс беремін.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ЖҮРГІЗУШІСІ ЖОҚ, 50 КӨЛІК ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ

Біздің шаһар ЖИ-дің мүмкіндігіне сенеді

Биыл – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы. Бұл Алматы сынды алып мегаполистің де заманауи инновациялық тұрғыда жаңғырып, тұрғындар үшін қолайлы, орнықты, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған стратегиялық бағытын айқындай түсері сөзсіз.

Нұржамал
Әліш

ОНАУ-мен бәрі оңай

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматының Цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары Мейрам Дүйсеков 2026–2030 жылдарға арналған «Smart City Алматы» даму стратегиясы мен әкімдіктің «Цифрлық трансформация» картасында қандай негізгі басымдықтарға мән берілгенін атап өтті. Бұл құжаттар негізінде көлік пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, қоғамдық қауіпсіздік пен экологияны, денсаулық сақтау мен білім беруді, мәдениет пен туризмді, инновациялық экономика мен электрондық сервисті дамыту көзделген.

Спикер интеллектуалды көлік жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін тілге тиек етті. Мәселен, Алматының Көлік холдингі қоғамдық көліктің қозғалысын диспетчерлеу мен бақылауды қамтамасыз етеді. Яғни автобустар бейнекамерамен, GPS-трекермен жабдықталған. ОНАУ қосымшасы арқылы бірыңғай электрондық төлем жүйесі сәтті жұмыс істеп тұр.

Алдағы уақытта банк карталары арқылы, сондай-ақ жолаушыларға ыңғайлы болуы үшін «Apple Pay» мен «Samsung Pay» сервистері арқылы төлемнің балама тәсілін іске қосу жоспарланып отыр.

2026–2027 жылдары қаладағы 1188 аялдамаға электрондық таблолар орнатылады. Интеллектуалды көлік жүйесі де енгізіліп, кейін ол қаланың «Цифрлық сыңарымен» біріктіріледі.

«Жүргізушісіз көлік» бағдарламасының пилоттық жобасының іске қосылуы да тың жаңалықтардың бірі болмақ. «Yandex Kazakhstan» компаниясымен бірлесіп, биылғы 1 мамырға дейін қала жолдарына жүргізушісі жоқ 50 автокөлікті шығару жоспарланып отыр. Мұндай технологиялық шешімдер қаланың инновациялық экожүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам.

«Ақылды» датчик айтып береді

Спикердің сөзіне сүйенсек, экологиялық бағытта үш басым сала айқындалған: экологиялық қадағалау, қалдықтарды «ақылды» түрде басқару мен су ресурстарын бақылау.

Бүгінгі күні қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинайтын орындарды 730 камераның

басын біріктірген Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі бақылайды. Сонымен қатар, қалдықтарды шығаратын бағыттарды GPS арқылы қадағалау да қолға алынып, қазір ол көрсеткіш 65%-ды қамтып отыр.

Ауа сапасын бақылау саласында 296 датчиктен тұратын желі жұмыс істейді. Оның ішінде 200-ін былтыр «Almaty Air Initiative» қоры орнатып берген. Бұл құрылғылар аудандағы ауаның жай-күйін неғұрлым нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Мейрам Дүйсеков қалада жасанды интеллект элементтері бар бейнебақылау жүйелері, оқиғаны автоматты түрде тану технологиясы мен цифрлық хабарландыру тетіктері де кеңінен қолданыла бастағанын атап өтті.

Жол қозғалысы мен ережесінің сақталуын бақылауға арналған 1641 аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылған. Биылғы 1 наурызға дейін тағы 350 «Сергек» қондырылмақ. Ал 1 қарашаға дейін «112» бірыңғай жедел басқару орталығы құрылады. Айтпақшы, қалада қар көшкінін бақылау мен төтенше жағдайды ертерек хабарлайтын «MassAlert» жүйесі жұмыс істейді.

Сан да, сапа да өсті

Қазіргі күні барлық мектеп, балабақша мен денсаулық сақтау нысандары қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған. Мәселен, 2023 жылы қалада 18 мың камера жұмыс істеген болса, қазір олардың саны 65 мыңға жеткен. Яғни бірте-бірте сан да, сапа да өсіп келеді.

Цифрлық экономика үшін кадр даярлау аясында қалада үлкен іріктеу жұмысы жүргізіліп, жасанды интеллект саласындағы бағдарламалар бойынша білім алатын 10 мың үміткердің ішінен 1,5 мың дарынды оқушыны таңдап алған. Мың оқушыны Junior-изденуші деңгейіне дейін дайындау да алдағы күндердің еншісінде тұр. Бұл жасөспірімдерге мектепті бітірмей тұрып ІТ саласында біраз нәрсені біліп шығуына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта мектептегі осындай үйірмелерге қатысқысы келіп өтініш бергендердің үлесі 90%-ға жетеді деген болжам бар.

2026–2027 жылдары Алматыда барлық диагностикалық кескінді – рентген, КТ, МРТ мен басқа да зерттеулерді біртұтас цифрлық архивке біріктірген PACS жүйесі енгізіледі. Бұл дәрігерлерге пациенттердің медициналық деректеріне жедел қол



жеткізуге, диагностиканың дәлдігін арттырып, тексерудің қорытындысын күтетін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2027 жылға қарай қала тұрғындарының кемінде 70%-ы «электрондық жеке денсаулық кабинетін» белсенді пайдаланатын болады. Бұл кабинеттер арқылы азаматтар медициналық ақпаратты, талдау нәтижесі мен дәрігердің ұсынымдарын онлайн ала алады.

Пәрменді платформалар

Спикер Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТҚШ) саласындағы негізгі жобалар мен қаланың «Цифрлық сыңары» қалай құрылып жатқанын да баяндап берді. Қалада жылу желісін цифрландыру, SCADA жүйесі мен есепке алу үшін ІoT құрылғысын енгізу жобасы қолға алынған. Болашақта бұл ТҚШ саласын Алматының бірыңғай «Цифрлық сыңарына» біріктіруге сеп болады дейді сарапшылар.

Қазірдің өзінде АлТC базасындағы «Цифрлық жылу желілері» жобасы; электр желілерін басқаруға арналған SCADA платформасы; iAlma геопорталы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету; АЛСЕКО Бірыңғай есеп айырысу орталығы арқылы орталықтандырылған қаржылық есеп; инженерлік желілерді түгендеу мен цифрландыру жобасының әзірленуі сынды шешімдер сәтті жүзеге асырылды.

Қалалық ортаны бақылаудың инновациялық әдістері де енгізіле бастады. Мәселен, шаһарда алғаш рет жер бауырлап ұшатын ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану бойынша пилоттық жоба іске қосылып жатыр. Бұл жобаны «Shenzhen Smart City Group» пен «Қазақ-телеком» бірлесіп атқарады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейрам ДҮЙСЕКОВ,
Алматы қаласы Цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары:

Инновациялық хаб

Алматының инновациялар мен цифрлық экономика саласындағы қарқыны өте жақсы. Кейінгі уақытта қаланың стартап-экожүйесіне 19,2 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып, стартаптардың жиынтық кірісі 5,37 миллиард теңгені құрап, шамамен, 6,9 мың жұмыс орны ашылды. Бұл көрсеткіштер қаланың технологиялық және кәсіпкерлік орталық ретіндегі әлеуеті жоғары екеніне дәлел. Алдағы жылы кемінде 300 жаңа стартап-жоба құрып, 100 миллион АҚШ долларынан кем болмайтын инвестиция тартып, Алматының кемінде 45 стартаптың халықаралық нарыққа шығару жоспарланып отыр. Сонымен қатар, кемінде 100 адам халықаралық бағдарламалар мен салалық конференцияларға қатыса алады. Бұл қаланың жаһандық инновациялық қауымдастыққа кірігуін күшейтеді.

Адам капиталын дамытуға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Биыл «Alatau Creative Hub» базасында 12–18 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған тегін қосымша білім беретін халықаралық «TUMO» орталығы ашылады. Онда балалар сегіз бағыт бойынша оқытылады. Олардың қатарында генеративті жасанды интеллект, робототехника, веб-әзірлеу мен анимация бар.

Орталық Азияда алғаш рет біздің Алматы төрінде халықаралық «GITEX» форумының ұйымдастырылатыны да 2026 жылғы басты жаңалықтардың бірі болмақ. Аталған форум 4-5 мамырда «Атакент» орталығында өтеді. Оған 30 мыңнан астам адам, 2 мың стартап, 1500 инвестор мен 100 мемлекеттік ұйым қатысады деген болжам бар.

Цифрландыру мәдениет, туризм мен спорт саласын да қамтып отыр. Қалада «Almaty Pass» және «damubala.kz» платформасы жұмыс істейді, «Метеор» жүйесі іске қосылған, сондай-ақ «Бірыңғай кітапхана порталы» да қолжетімді. Қалалық сервистерді цифрлық трансформациялау да қолға алынды. Қазір Алматыда мемлекеттік қызметтердің 98%-ы цифрландырылған. «Open Almaty» қоғамдық қабылдау бөлмесі мен Өңірлік геоақпараттық жүйе сәтті жұмыс істеп тұр. Цифрландыру мен жасанды интеллект – бұл алматылықтардың өмір сүру деңгейін арттыратын, Алматыны тұрақты дамытатын құрал, жаһандық деңгейге жетелейтін күш.

Алматы ауданында – Назарбаев, Абай, Райымбек даңғылдары мен Розыбакиев көшесінің аралығында көше жарығы мен тазалық сапасын бақылауға арналған сынақ аймағы құрылды. Сонымен қатар, Бөкейханов пен Рысқұлов көшесінің ауданында, сондай-ақ Алатау ауданындағы «Өжет» ықшамауданында экологиялық бақылауға арналған сынақ аймақтары ұйымдастырылды.





БІЗДІҢ СҰХБАТ

ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК:

Мегаполистің маңызы қандай?

– Өсімдіктер карантині, қорғау және фитосанитарлық бақылау бекеттері жөніндегі мемлекеттік инспекцияның қызметі мен міндеттеріне тоқталсаңыз?

– Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» Заңына сәйкес инспекцияның негізгі міндеттері өсімдіктер карантині және өсімдіктерді қорғау салаларын қамтиды. Карантиннің басты мақсаты – еліміздің аумағына басқа мемлекеттерден карантиндік объектілердің әкелінуі мен өздігінен енуіне жол бермеу. Сонымен қатар, карантиндік объектілерді анықтау, оқшаулау, жою немесе шыққан еліне кері қайтару шараларын ұйымдастыру да біздің құзыретімізге кіреді. Инспекция Қазақстан Республикасы аумағына карантиндік объектілердің енуіне жол бермеу мақсатында тұрақты түрде мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізеді.

Инспекторлар құзыретінің қатарына импортталатын және экспортталатын өсімдік тектес өнімдерді карантиндік объектілерге тексеру, фитосанитарлық сертификаттардың дұрыстығын бақылау, карантиндік объектілер анықталған жағдайда өнімді кері қайтару немесе жою, сонымен қатар заң бұзған тұлғаларға қатысты әкімшілік шаралар қолдану сынды құзыреттер жатады. Анығында, бұлар карантин саласындағы негізгі бағыттары саналады. Инспекция құрамында фитосанитариялық бақылау бекеттері жұмыс істейді. Қазір 3 бақылау бекеті бар: Алматы халықаралық әуежайында, «Алматы-1» және «Алматы-2» теміржол станциялары аумағында. Инспекторлар сырттан келетін өнімдерді тексеріп, құжаттарының сәйкестігін қадағалайды.

– Алматы – ірі логистикалық және сауда орталығы. Осы тұрғыдан алғанда фитосанитарлық қауіпсіздікке негізгі қатер қай бағыттан туындайды?

– Негізгі қауіп сырттан әкелінетін өсімдік тектес өнімдерімен байланысты. Тәуекел деңгейі жоғары елдер қатарында Қытай, Өзбекстан, Түркия, Еуропа елдері, Иран және т.б. Аталған мемлекеттерден жеміс-жидек, көкөніс, кептірілген өнімдер, көшеттер, гүлдер, тұқымдар, ағаш материалдары әкелінеді. Қауіп-қатер көбіне карантиндік объектілердің жасырын түрде енуінен, сондай-ақ көшеттермен бірге топырақ арқылы зиянды организмдердің келуінен туындайды. Халықаралық сауданың көлемі мен жылдамдығының артуы да тәуекелді күшейтеді.

– Мегаполис фитосанитариялық тұрғыдан жоғары тәуекел аймағына жатады. Сондықтан бақылау шаралары тұрақты түрде күшейтілген режим-

Алматы – елдегі халықаралық сауда айналымының маңызды торабы. Қала Арқылы күн сайын тонналаған жеміс-жидек, көкөніс, көшет және өзге де өсімдік тектес өнімдер тасымалданады. Бұл өз кезегінде фитосанитарлық қауіпсіздік мәселесін алдыңғы орынға шығарады. Ал өсімдіктер карантині – ауыл шаруашылығы мен экология қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Карантинді объектілер мен қауіпті аурулардың алдын алу азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Осы орайда ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекция басшысы Манас ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫМЕН саладағы өзекті мәселелер төңірегінде әңгімелескен едік.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

де жүргізіледі. Кейінгі жылдары шетелден келетін өсімдік тектес өнімдерінің көлемі артуда. Бұл бақылау жүктемесіне қалай әсер етті?

– Тауар айналымы ұлғайған сайын бақылау жүктемесі де артады. Импорт көлемінің өсуі фитосанитариялық жүйеге қосымша жүк түсіреді. Атап айтқанда, тексерілетін жүк көлемі көбейді, фитосанитариялық сертификаттарды тексеру саны артты, зертханалық сараптамалар саны өсті, карантиндік мониторинг аймақтары кеңейді. Алдын алу мақсатында инспекторлар саны мен олардың біліктілік деңгейін арттыру, тәуекелге негізделген бақылау жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Сала кәсіпкерлермен тікелей жұмыс істейтіндіктен, сыбайлас жемқорлық тәуекелі де болуы мүмкін. Сондықтан алдын алу шаралары тұрақты түрде жүргізіледі. Зертханалық жабдықтар жаңартылып, диагностикалық құралдармен толық қамтамасыз етіледі. Барлық өнім зертханалық сараптамадан өткізіліп, нәтижелері ресми түрде беріледі. Цифрлық бақылау жүйелерін енгізу бақылаудың ашықтығын арттырып, адами факторды азайтуға мүмкіндік береді.

– Қазір әлемде кең таралған қандай карантиндік зиянкестер мен аурулар Қазақстан үшін қауіпті карантинді объектілер төндіруі мүмкін?

– Климаттың өзгеруі мен халықаралық ықпалдастық карантиндік объектілердің таралу аймағын кеңейтуде. Қазақстан үшін қауіпті объектілер қатарына батыс гүл трипсі, калифорниялық қалқанша сымыры, америкалық ақ көбелек, жатаған уекіре, жусан жапырақты ойраншөп және арамсоюя жатады. Сонымен қатар, бактериялық күйік, вирустық мозаика сияқты аурулар өнімділікті 30–70%-ға дейін төмендетуі мүмкін. Бұл агроэкожүйеге ұзақ мерзімді зиян келтіреді. Сондықтан алдын алу шаралары аса маңызды.

– Фитосанитариялық сертификаттың рөлі қандай және сертификатсыз өнім әкелудің салдарына тоқталсаңыз?

– Аталған сертификат – экспорттық немесе импорттық карантиндік өнімнің карантиндік жай-күйін куәландыратын ресми құжат. Ол өнімнің карантиндік талаптарға сәйкестігін, карантиндік объектілерден таза екенін, өнімнің шығу тегін растайды. Сертификатсыз өнім Қазақстан аумағына кіргізуге жол берілмейді. Мұндай жағдайда өнім кері қайтарылады немесе жойылады. Сонымен қатар, әкімшілік айыппұл салынады. Айыппұл мөлшері кәсіпкерлік субъектісінің санатына байланысты. Мысалы, жеке тұлғалар-ға – 20 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК), лауазымды тұлғаларға,

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК-ке дейін.

– 2025 жылы Алматы қаласы бойынша қанша тексеру жүргізілді? Қанша заңбұзушылық анықталды?

– 2025 жылы фитосанитариялық бақылау бекеттерінде 12 500-ге жуық тексеру жүргізілді. Нәтижесінде 70 құқықбұзушылық анықталды. Оның ішінде 2 жағдайда өнім фитосанитарлық сертификатынсыз тасымалданғаны анықталды, 3 жағдайда карантиндік талаптарға сәйкес келмейтін партиялар кері қайтарылды. Бұл көрсеткіштер фитосанитарлық бақылаудың жүйелі түрде жүргізілетінін, оның аграрлық қауіпсіздік үшін маңызды екенін дәлелдейді.

– Цифрландыру фитосанитарлық бақылаудың тиімділігін арттыра ма?

– Электрондық фитосанитарлық сертификаттарға көшу және деректер базасын интеграциялау бақылаудың ашықтығын арттырады. Бұл адами факторды азайтады, жүктің қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді және өнімнің шыққан елінен бастап жеткізілгенге дейінгі жолын қадағалауға жағдай жасайды. Қазіргі уақытта қағаз нұсқасымен қатар электрондық фитосанитариялық сертификатты беруді енгізу механизмін зерттеу басталды. Тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін құжаттың қолданыстағы құқықпен белгіленген нысаны пайдаланылады.

– Көшет немесе тұқым сатып алатын тұрғындар нені ескеруі керек?

– Фитосанитарлық қауіпсіздікке әрбір қала тұрғыны тікелей атсалысып, өз үлестерін қоса алады. Сатып алу кезінде ең маңызды мәселе – өнімді тек ресми тіркелген сауда орындарынан алған жөн. Өнімнің шығу тегін растайтын құжаттарының сертификатының болуына, сыртқы зақымдану белгілеріне назар аудару керек. Топырақпен әкелінген белгісіз көшеттерден бас тартып, зиянкестердің таралуына жол бермеуіміз аса маңызды.

– 2026 жылға арналған негізгі ба- сымдықтар мен жоспарлар қандай?

– Қала аумағында қауіпсіздікті нығайту, зертханалық инфрақұрылымды жаңарту, инспекторлардың біліктілігін арттыру, фитосанитариялық процестерді толық цифрландыруды жоспарлап отырмыз. Өсімдік қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі. Халық тұтынатын өнімнің қауіпсіздігіне жауапты болғандықтан, аталған сала мамандарына артылатын жүк те ауыр.

– Әңгімелескеніңіз үшін рахмет!
Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.

ЖӘРМЕҢКЕ

ТАБИҒИ ӨНІМ ТИІМДІ БАҒАДА

Қалада демалыс күні өтетін жәрмеңкелердің саны артады

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов Алатау, Әуезов, Бостандық және Медеу аудандарына барып, жаңа коммуналдық жәрмеңкелер салуға белгіленген аумақтармен танысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Әуезов ауданындағы демалыс күнгі жәрмеңкеде ол инвесторлармен, сондай-ақ Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар

басқармасы мен «Алматы» ӘКК өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында жәрмеңкелерді жаңғырту және жаңаларын салу жоспарлары кеңінен талқыланды.

Жалпы, 2026 жылы Алматыда демалыс күндері өтетін жәрмеңкелер санын 2,5 есеге арттырып, 1000-нан астам іс-шара ұйымдастыру көзделіп отыр. Сонымен қатар, Түркістан, Жетісу, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарынан, сондай-ақ Өзбекстан мен

Тәжікстаннан келетін фермерлердің қатысуымен кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу де жоспарда тұр.

Жұмыс сапары барысында әкім орынбасары белгіленген бағамен өнім сатылатын әлеуметтік павильондарға ерекше назар аударды. Өйткені, сәтін салса биыл оларды жаңғырту, сауда алаңдарын кеңейту және жаңа нысандар ашу арқылы қала тұрғындары үшін тауарлардың қолжетімділігін арттыру жоспарланып отыр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ПРЕСС-ТУР



ДАБЫЛҒА ДАЙЫН

Төтенше жағдайлар жүйесі жаңғыртылады

Дана
САДЫРҚАН

(Басы 1-бетте)

Іс-шара барысында қызметті ұйымдастырудың жаңа тәсілдері, құтқарушылар жұмысын жетілдіру нәтижелері, еңбек жағдайларын жақсарту шаралары, сондай-ақ азаматтық қорғау нысандары мен өрт сөндіру деполарын жаңғырту бағытындағы жұмыстар таныстырылды.

Пресс-тур Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің аумағында өтті. Департамент бастығының айтуынша, биыл қаңтарда қалада жылдам тұрғызылатын жаңа өрт сөндіру бөлімі ашылған. Қазір осындай бірнеше бөлімше жауынгерлік кезекшілікке қойылған, ал тағы екеуі толық іске қосылу алдында. Онда жеке құрамды оқыту, өрт-техникалық жабдықтар мен техниканы сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілуде.

Қолданыстағы нормативке сәйкес, қала аумағында 35 өрт сөндіру депосы болуы тиіс. Қала әкімдігі мен министрліктің қолдауымен бұл бағыттағы жұмыс қарқынды жалғасуда. Әсіресе, өрт қауіпсіздігі тәуекелі жоғары аудандарда жылдам тұрғызылатын жаңа бөлімшелер салу жобалары іске асырылуда.

Қызмет тек өрт сөндірумен шектелмейді

Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты өрт сөндіру деполарының қызметі өртті сөндірумен ғана шектелмейді. Көктемде – су тасқынына қарсы іс-шаралар, қыста – қар құрсауында қалған адамдарды құтқару, жазда – табиғи және техногендік өрттерді сөндіру, күзде – жол-көлік оқиғалары мен жылыту маусымына байланысты қауіптердің алдын алу жұмыстары атқарылады.

Пресс-тур барысында былтыр министрлік балансына алынған негізгі және қосалқы арнайы техникалар таныстырылды. Олардың қатарында жол талғамайтын, мобильді техникалар бар. Барлық жаңартудың басты мақсаты – жеделдік пен ұтқырлықты арттыру, төтенше жағдай орнына мүмкіндігінше жылдам жетіп, зардап шеккендерге дер кезінде көмек көрсету. Былғы қыстың ерекше жаңалығының бірі – Алматы қаласы ТЖД үшін сатып алынған Tesla Cybertruck автокөлігі.

Бүгінде таулы кластер белсенді дамып келеді. 2,5 мың метрден астам биіктікте жаңа өрт сөндіру бөлімі ашылған. Бұл – ТМД аумағындағы ең биік орналасқан бөлімшелердің бірі. Аталған бөлімше тек өрт сөндіру емес, әмбебап құтқару қызметін атқарады. Сонымен қатар, мұнда медицина апаттары қызметінің дәрігерлері кезекшілік атқарады. Олар үшін заманауи реанимобиль алынған. Оның ерекшелігі – бір мезетте екі зардап шегушіні



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тасымалдап, екеуіне қатар реанимациялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Электромобильді таңдау – экологиялық талаптарға сай және заманауи технологияларды енгізуге бағытталған қадам.

Көшкін және су тасқыны бақылауда

Қалада көшкін қаупі бар 211 учаске анықталған. Өткен жылдың соңынан бастап олардың бірқатары бойынша нығайту жұмыстары жүргізілуде. Геодезия институтымен бірлесіп, қауіпті аймақтарды паспорттау жұмыстары атқарылуда. Алдағы уақытта инженерлік қорғаныс шаралары жалғасады.

Су тасқынына қатысты ірі қауіптер әзірге бола қоймас. Дегенмен, қала аумағынан өзендер өтетіндіктен, мұз қату құбылысы қауіп тудыруы мүмкін. Осыған байланысты инженерлік жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп, мобильді сорғылар дайындалуда. Әр бөлімше мұндай жағдайларда әрекет ету алгоритмін нақты меңгерген.

Кейінгі жылдары кәсіпкерлікті қолдау мақсатында бақылаушы органдардың араласуы шектелген еді. Алайда, қауіпсіздік талаптарын күшейту қажеттілігіне байланысты нормативтік-техникалық бөлім құрылды. Енді құрылыс салу, күрделі жөндеу немесе реконструкциялау кезінде өрт инспекторларының міндетті түрде қатысуы қамтамасыз етіледі. Бұл шешім, әсіресе, көшкін қаупі бар аймақтарда құрылыс жүргізу мәселесінде маңызды рөл атқарады.

Дене дайындығы – кәсіби міндет

Құтқарушының жұмысы жоғары температурада, түтін мен қауіпті ортада атқарылатыны белгілі. Сондықтан әр қызмет-

кер физикалық тұрғыдан мықты, дені сау болуы тиіс. Ведомствоны жаңғырту және материалдық-техникалық базаны нығайту аясында жаңа бөлімшелерде арнайы спорт залдары салынууда. Бұл – жеке құрамның дене дайындығын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Пресс-тур аясында департаменттің Жедел басқару орталығы да таныстырылды. Төтенше жағдайлар қызметінің «ми орталығында» жедел кезекшілер мен операторлар қызмет атқарады. Орталықта «101» (өрт қызметі) және «112» бірыңғай жедел желілері жұмыс істейді. Тәулігіне 3 мыңнан астам қоңырау қабылданады. Қоңыраулар түрлі сипатта түседі. Кей жағдайда полиция немесе жедел жәрдем қызметіне қатысты өтініштер де осы желіге келіп түседі. Бірыңғай орталық ретінде олар тиісті мемлекеттік органдарға жедел түрде қайта бағытталады.

Ал Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, капитан Қуаныш Оспановтың айтуынша, департамент жұмысының басым бағыттарының бірі – халықты төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға даярлау және оқыту.

– **Былыр Алматы қаласының орталығында азаматтық қорғау саласы бойынша халықты даярлау және оқыту орталығы ашылған. Орталық Райымбек батыр даңғылы, 129/47 мекенжайында орналасқан. Мұнда стационарлық сабақтар өткізіледі. ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, оқитудан өтуі тиіс 22 санат бар. Олардың қатарында аудан әкімдері мен олардың**

орынбасарлары, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары және мамандары бар. Оқу курстары екі және үш күндік форматта ұйымдастырылады. Сабақ соңында тыңдаушылар қорытынды тестілеуден өтіп, белгіленген үлгідегі сертификат алады, – дейді Қуаныш Оспанов.

Орталық заманауи цифрлық шешімдермен жабдықталған. Арнайы бейнекамераларына қосылу мүмкіндігі бар. Бұл өрт немесе басқа да төтенше жағдай туралы хабар түскен сәттен бастап визуалды барлау жүргізуге, жағдайдың ауқымын бағалауға және қажет болған жағдайда күштер мен құралдардың санын жедел арттыруға мүмкіндік береді. Цифрландыру үдерісі аясында Төтенше жағдайлар министрлігінің тапсырмасымен арнайы мобильді қосымша әзірленген.

Бүгінде алматылықтар Darmen қосымшасын тегін жүктей алады. Қосымшада жедел жаңалықтар, ауа райы туралы мәліметтер, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері, оқыту бейнероликтері, зардап шеккен халықты қабылдау пункттерінің картасы жарияланады.

Жер сілкінісі: алдын ала болжау мүмкін бе?

Алматы – сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан қала. Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, капитан Қуаныш Оспановтың айтуынша, әлемде ешбір ел жер сілкінісін нақты уақытын, орнын және күшін дәл болжай алмайды. Бұл бағытта ғылыми зерттеулерді арнайы сейсмология институттары жүргізеді. Алайда, төтенше жағдай қызметі алдын ала болжауға емес, жедел хабарлау мен дайындыққа басымдық береді. Қазір автоматтандырылған жүйе жұмыс істейді: егер сейсмостанциялар Алматы қаласы үшін 5 балл және одан жоғары қауіп деңгейін тіркесе, жүйе автоматты түрде халықты құлақтандыру тетігін іске қосады.

Айта кетейік, соңғы тіркелген жер сілкінісінде Алматы қаласындағы дүмпу деңгейі 2-3 балл шамасында болған. Сондықтан дабыл жүйесі қосылмаған.

Пресс-тур барысында таныстырылған азаматтық қорғау жүйесінің жаңартылуы – тек техникамен жарақтандыру емес, халықтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кешенді жұмыс екенін көрсетті. Оқыту орталығы, түрлі цифрлық шешім, бірыңғай жедел басқару жүйесі және автоматтандырылған хабарлау тетіктері – барлығы Алматы тұрғындарының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Қаланың қарқынды дамуы мен халық санының өсуі жағдайында мұндай жүйелі тәсіл – уақыт талабы.





ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ АНА МИССИЯСЫ

(Профессор Нұрсұлу Алғожаеваның зерттеулері негізінде)



Қазақ халқы ежелден ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген. Қазақ халқы үшін тәрбие – ұлттың тағдырымен тең ұғым. «Тәрбие – тал бесіктен» деген нақыл сөз халқымыздың бала тәрбиесіне қаншалықты жауапкершіліктен қарағанын көрсетеді. Өйткені, әрбір сәби – елдің ертеңі, халықтың үміті, мемлекеттің болашағы. Ал сол болашақтың қандай болатыны ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты.

Ал отбасының ұйытқысы, тәрбие діңгегі – әйел. Ана – өмірдің бастауы, мейірімнің бұлағы, руханияттың қайнар көзі. «Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деген мақал баланың мінезі мен болмысы ата-ананың өнегесі арқылы қалыптасатынын білдіреді. Ұлттың болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында болса, сол ұрпақтың мінез-құлқы мен рухани болмысының қалыптасуында ананың, жалпы әйелдің орны ерекше. Себебі, бала ең алдымен ананың алақанында өсіп, ананың жүрек жылуын сезінеді.

Қазақ педагогикасында отбасы тәрбиесіне арналған еңбектер көп. Осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Нұрсұлу Сейіткерімқызы Алғожаева. Ол еңбектерінде отбасы тәрбиесінің психологиялық негіздерін зерттеп, ата-ананың бала тұлғасын қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетті. Ғалым ата-ананың балаға деген құрметі, сенімі және махаббаты тұлғалық дамудың басты шарты екенін айтады. Қазақ халқы «Бала – бауыр етің» деп қараған, балаға ешқашан қатыгездік танытпаған деп, балаға қысым көрсетуден

гөрі, түсіндіру мен қолдау көрсету әлдеқайда тиімді екенін, яғни тәрбие – қорқыту емес, түсіндіру, үлгі көрсету арқылы жүзеге асырылуы қажеттігін дәлелдеген.

Бүгінгі күні адамзат жаңа кезеңге – цифрлық және жасанды интеллект заманына қадам басты. Ақпарат ағымы шексіз, технология дамыған, уақыт жылдам. Осындай өзгермелі дәуірде бала тәрбиесі бұрынғыдан да күрделі сипат алды. Дегенмен, заман өзгерсе де, тәрбие негізі өзгермейді. Оның өзегі – адамгершілік, имандылық, ар-намыс, еңбекқорлық. Бұл құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіруде ананың рөлі ерекше.

Біз тарихтан отансүйгіштік пен даналықтың, парасаттылық пен отбасы құндылығының, тазалық пен шынайылықтың, тұрақтылық пен ұрпақ тәрбиелеудің жауапкершілігін көрсеткен Домалақ Ана, Айша биби, Қарашаш ана, Ұлпан, Зере және басқа да дана аналарымызды білеміз. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау – маңызды мәселе. Ана баласына ұлттық дәстүрді, тіл мен дінді, салт-сананы үйретсе, рухани тұтастық сақталады.

Бесік жыры – қазақ әйелінің тәрбиелік мектебі. Ана бесік жыры арқылы баласына тек ұйқы сыйлап қана қоймай, оған арман, тілек, үміт, ұлттық құндылықтарды сіңіреді. Бұл – бейсаналы деңгейде жүретін тәрбие. Қазіргі психология ғылымы да баланың алғашқы үш жастағы дамуы оның бүкіл өміріне әсер ететінін дәлелдеген. Яғни ананың мейірімі мен жылы сөзі – баланың тұлғалық дамуының іргетасы. Бесік жыры – соның жарқын дәлелі. Осындай жырлар арқылы ана баласына тыныштық, сенім, қауіпсіздік сезімін береді. Қазіргі нейропсихология ғылымы дәлелдегендей, баланың алғашқы жылдардағы эмоциялық қауіпсіздігі оның өмір бойғы тұлғалық тұрақтылығына әсер етеді. Ана – баланың алғашқы ұстазы, алғашқы психологы, алғашқы тәрбиешісі. Бала дүниеге келген сәттен бастап ананың сөзі мен іс-әрекетінен үлгі алады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген. Ал бала тәрбиесінің бастауы – ана. Сол себепті, әйелдің білімді, сауатты болуы – ұлт болашағының кепілі. Ғылым дәлелдегендей, анасының білім деңгейі жоғары болған сайын, баланың да оқу жетістігі артады. Себебі, білімді ана баласына дұрыс бағыт-бағдар береді, кітап оқуға, ізденуге үйретеді. Қазіргі технология дәуірінде бала тәрбиесі жаңа талаптарды қажет етеді. Интернет, әлеуметтік желілер,

ақпараттық кеңістік – бәрі баланың санасына әсер етеді. Осындай кезде ананың рөлі бұрынғыдан да арта түседі. Ол баласына ақпаратты сүзгіден өткізуді, жақсы мен жаманды ажыратуды үйретуі тиіс.

Бүгінде бала бұрынғыдай тек ата-анасынан емес, интернеттен, әлеуметтік желіден, жасанды интеллект жүйелерінен ақпарат алады. Бұл – жаңа мүмкіндік әрі жаңа қауіп. Айталық, ақпараттың шамадан тыс көптігінен бала шынайы мен жалғанды ажырата алмай қалады. Ал гаджетке тәуелділік, яғни ұзақ уақыт экран алдында отыру – денсаулыққа да, психикаға да зиян. Оған қоса рухани құндылықтардың әлсіреуі жаһандану ұлттық дәстүр мен тілді ығыстыруы мүмкін. Енді міне, жасанды интеллектке шектен тыс сенім сынды қауіп те пайда болды. Бала дайын жауапқа үйреніп, сыни ойлау қабілетін жоғалтуы ықтимал.

Осындай жағдайда ананың рөлі бұрынғыдан да арта түседі. Ана баласына технологияны дұрыс пайдалануды үйретуі тиіс. Жасанды интеллект – құрал ғана, тәрбиеші емес екенін өзі де түсінуі, балаға да түсіндіру маңызды. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Егер ана өзі кітап оқыса, бала да оқиды. Егер анасы гаджетке тәуелді болса, бала да соны қайталайды. Балаға ең керегі – қымбат ойыншық емес, ата-анасының уақыты. Бірге әңгімелесу, бірге кітап оқу, бірге серуендеу – рухани байланысты

нығайтады. Балаға дайын жауап бермей, ойлануға мүмкіндік беру керек. «Сен қалай ойлайсың?» деген сұрақ баланың тұлғалық дамуына әсер етеді. Жасанды интеллект білім алу құралы ретінде қолдануға болады. Бірақ бақылаусыз қалдырмау керек. Балаға ақпаратты талдауды, тексеруді үйрету – ана міндеті болуы керек.

Қорыта айтар болсақ, қазақ қоғамында әйел тек қана ана емес, мәдениеттің, тілдің, дәстүрдің сақтаушысы. Үйде қазақша сөйлеу, салт-дәстүрді сақтау – баланың ұлттық сәйкестігін қалыптастырады. Білімді, парасатты, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін бала – болашақтың кепілі. Өскең ұрпақтың рухани-адамгершілік тұлғасын тәрбиелеудегі әйелдің рөлі өлшеусіз. Ана – мейірімнің бастауы, тәрбие мектебі, руханият шамшырағы. Халық даналығы, тарихи тәжірибе және заманауи ғылым – әйел тәрбиесінің маңызын толық дәлелдеп отыр.

Ұлттың болашағы – ананың алақанында. Ендеше, қазақ қоғамы әйелдің рухани дамуына білім алуына, әлеуметтік қолдауына ерекше көңіл бөлуі тиіс. Себебі, анасы мықты елдің – рухы биік, болашағы жарқын болмақ!

**Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ,
п.ғ.д., профессор,
Қазақстан Педагогикалық
ғылымдар академиясының
басқарма төрағасы.**

ӘЛ-АУҚАТТЫҢ ӘЛЕУЕТТІ КЕПІЛІ

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық реформаларды тиімді жүзеге асыру – халықтың әл-ауқатын арттырудың негізгі кепілі. Бұл міндетті іске асыруда республикалық деңгейдегі бастамалармен қатар, өңірлік орталықтардың, әсіресе, еліміздің ірі мегаполисі – Алматы қаласының рөлі айрықша.



**Дана
САДЫРҚАН**

Алматының шағын және орта бизнес шоғырланған, қызмет көрсету, қаржы, білім беру, IT және креативті индустрия дамыған қала екенін бұрыннан айтып келеміз. Сондықтан «2029 жылға дейінгі халықтың кірісін арттыру бағдарламасы» аясындағы бастамалар мегаполисте нақты нәтижелер беруге бағытталған. Бағдарлама аясында 2029 жылға қарай 3,3 миллионнан астам адамды жұмысқа орналастыру, «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру және инфрақұрылым қорғау шаралары қарастырылған.

Мәселен, қалада жаңа жұмыс орындарын ашу, жастар практикасын ұйымдастыру, қысқа мерзімді кәсіби оқыту курстарын өткізу, кәсіпкерлік бастамаларды гранттық қолдау сияқты іс-шаралар белсенді жүзеге асырылуда. Бұл мегаполистегі жұмыспен қамту орталықтары еңбек нарығына талдау жүргізіп, сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқытуды күшейтіп жатыр.

**Көші-қон және
еңбек қауіпсіздігі**

Алматы – ішкі көші-қонның негізгі бағыттарының бірі. Жыл сайын қалаға жұмыс іздеп келетін азаматтар саны артып келеді. Бұл еңбек нарығына қосымша жүктеме түсіреді және теңгерімді саясат жүргізуді талап ететіні сөзсіз. Осыған байланысты еңбек ресурстарын тиімді бөлу, бейресми жұмыспен қамтуды азайту, еңбек шарттарын заңдастыру және өндірістік қауіпсіздік талаптарын күшейту мәселелері күн тәртібіне қойылды. Ал шаһардағы ірі кәсіпорындар мен құрылыс саласында еңбек қауіпсіздігі стандарттарын сақтау – әлеуметтік тұрақтылықтың негізі. Аталған бағыттағы түсіндіру және бақылау жұмыстары жазатайым оқиғалардың алдын алуға ықпал етеді. 2025 жылдың бірінші тоқсанында 985,8 мың адам жалдамалы қызметкер ретінде жұмыспен қамтылған. Бұл – Қазақстандағы ең жоғарғы көрсеткіш. Ал шағын және орта бизнес саласында есепке алынған деректерге сәйкес, қалада жалпы жұмыспен қамтылғандардың шамамен 972,1 мың адам осы секторда еңбек етеді, яғни жалпы жұмыспен қамтудың шамамен 90%-ы.

2025 жылдың басынан бері Алматыда 19,5 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылған. Jasmaty.kz онлайн-платформасы, сондай-ақ Jobfair365 және SkillBridge сервистері арқылы 25 мыңнан астам қолданушы тартылды. Қазақстанның 20 өңірінен 3 мыңнан астам жұмыс беруші тіркеліп, 5 мыңнан астам бос жұмыс орны жарияланды. Аталған сервистер арқылы 1,8 мың жас

тұрақты жұмысқа орналасты. Қалада Жастар мансап орталығы жұмыс істейді. Ол жұмыс берушілерді, оқу орындарын және жұмыспен қамту қызметтерін бір алаңға біріктіріп, өзара іс-қимылды үйлестіруге мүмкіндік береді. Орталық іске қосылғалы бері 5 мыңнан астам адам жүгініп, 4 мыңы жұмысқа орналасуға көмек алған.

Былтыр 8 Мансап күні өткізілді. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жаз мезгілінде 2,1 мың жас уақытша жұмыспен қамтылды. Еңбек мобильділігі орталығы арқылы 9,7 мың адам жұмысқа орналастырылды. Алматыда NEET санатындағы жастардың үлесі 6,4%-дан 5,8%-ға дейін азайып, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,4%-дан 4,1%-ға төмендеді.

**Қалалық
деңгейдегі қолдау**

Мегаполистегі халық санының көптігі әлеуметтік қолдау шараларын жүйелі ұйымдастыруды талап етеді. Қалада атаулы әлеуметтік көмек, көпбалалы отбасыларға қолдау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі – балалардың жоғары білім алуына қаражат жинауға арналған, ата-аналардың үнемдеуіне мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін бағдарлама. Жүйе «Ұлттық қор – балаларға» жобасымен байланысты және жинаққа мемлекеттік сыйлықақылар мен инвестициялық табыс қосылады, бұл баланың болашақ оқуына капитал жинауға мүмкіндік береді.

Мегаполис жағдайында аталған бағдар-

ламаны тиімді енгізу үшін әуелі халықтың қаржылық сауаттылығын арттырып, арнайы кездесулер мен цифрлық платформалар арқылы кеңес беру жұмыстарын жетілдіру қажет.

**Кадр даярлаудың
жаңа моделі**

Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары мен колледждері шоғырланған орталықта білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілер арасындағы әріптестік күшейтіліп, дуалды оқыту жүйесі берте-бірте енгізілуде. Содан болар, қаладағы IT, туризм, медицина, құрылыс және креативті индустрия салалары үшін мамандар даярлау негізгі басымдықтардың біріне айналды. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары арқылы азаматтардың жаңа экономикалық жағдайға бейімделуі қамтамасыз етіледі.

Жастар көп шоғырланған Алматыда университеттер мен колледждерде кәсіби бағдар беру, кәсіпкерлікке баулу, стартап мәдениетін дамыту – стратегиялық міндет. Сондықтан медиа, білім беру ұйымдары және қоғамдық институттар бірлесіп, адал еңбек, кәсіби жауапкершілік, үздіксіз даму құндылықтарын насихаттауы қажет. Бұл мегаполистің ғана емес, жалпы елдің тұрақты дамуына ықпал етеді.

Сонымен, әлеуметтік-экономикалық реформаларды тиімді жүзеге асыру алып шаһарда нақты мазмұнмен толығып отыр. Жұмыспен қамту, көші-қон, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік қорғау және кадр даярлау бағыттарындағы бастамалар түрлі сала тоғысқан да ғана нәтижелі болмақ.



КЕҢЕС ДҮЙСЕКЕЕВ – 80

Сырлы саздың саңлағы



Қазақ музыка өнерінде өзіндік қолтаңбасымен соңынан мол мұра қалдырған көрнекті композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Кеңес Дүйсекеев көзі тірі болғанда, биыл 80 жасқа толар еді. Бұл айтулы мерейтой мемлекеттің мәдени іс-шаралар күнтізбесінде белгіленіп, республикалық және аймақтық деңгейде шығармашылық кештер мен ғылыми-танымдық кездесулер өткізіле бастады. Кеңес Дүйсекеев жоғары музыкалық білім алып, шығармашылық жолын кәсіби композитор ретінде бастады. Ол әр жылдары өнер мен мәдениет саласында қызмет атқарып, жас музыканттарға бағыт-бағдар берді. Мәдениет саласында белсенді қоғамдық қызмет атқарып, қазақ музыкасының дамуына зор үлес қосты.

Мерейтойлық іс-шараны алғаш Астана қаласы бастап, композиторды еске алу кешін өткізді. Осыдан біраз жыл бұрын дүниені шарпыған әлемдік індеттің кесірі қазақ өнерін де айналып өтпей, оңай тимегені белгілі. Сол жолғы індеттің құрығына ілінген арыстай азаматтардың қатарында жүрегі руханияттың алтын сандығына айналған Кеңес Дүйсекеев те келмеске кеткен еді.

Дегенмен, тарихта оның аты қалды. Ол қазақтың даласын да, баласын да әнімен тербеп кетті. Өнерімен қазақты әлемге танытты. Оның әндерін орындаған Роза да, дүлдүл Димаш та дүние жүзіндегі байрақты байқауларда жеңіспен келгені белгілі. Бұл күнде оның өлмес туындылары бірнеше буын тыңдарманның жүрегіне жол тауып, ұлттық ән өнерінің алтын қорынан берік орын алды. Талантты өнер

иесінің шығармашылығының басты ерекшелігі – әуен мен сөздің табиғи үйлесімі. Әндерінен қазақы мінез, терең лирика, өмірге деген іңқарлық пен адам жанының нәзік сезімдері айқын сезіледі. Ол ән арқылы тыңдарманымен сырласып, әуеннің тілімен үндесті.

Кеңес Дүйсекеев – лирикалық әуенімен, терең мазмұнды әндерімен танылған композитор. Ол қазақ музыкасына жаңа тыныс, тың өрнек әкеліп, эстрадалық жанрды кәсіби деңгейге көтерген тұлғалардың бірі. Композитордың әндері махаббат, туған жер, адамгершілік, өмір философиясы секілді мәңгілік тақырыптарды қамтиды. Мәселен, эстрадалық әндер, симфониялық және камералық туындылар, театр мен киноға жазылған музыка, балаларға арналған композициялар. Кеңес Дүйсекеевтің ән әлемі – ұлттық рухтың айнасы іспетті.

Атап айтқанда, «Сәлем саған, туған ел», «Еркеледің сен!», «Домбыра туралы баллада», «Ойлайсың ба, жаным», «Өкінбе сен», «Ғашықтар жыры», «Қарағым-ай», «Анаға хат», «Асыл ана», «Достар-ай»,

«Қазағымның күйлері-ай», «Асылым-еркем», «Қаракөзайым», «Айнакөл» және т.б. танымал әндері елге, жерге деген махаббатты, туған топыраққа деген сағынышты шынайы жеткізеді. Бұл шығармалар уақыт өткен сайын маңызын жоғалтпай, қайта құндылығы арта түсуде.

Кеңес Дүйсекеевтің тағы бір ерекшелігі – әннің сөзіне де ерекше мән беретіндігі. Көптеген белгілі ақындармен шығармашылық байланыс орнатып, осынау жолда Жарасқан Әбдіраш, Ибрагим Иса, Әбдірахман Асылбеков, Серік Тұрғынбеков, Исраил Сапарбай секілді ақындармен қатар негізінен прозалық шығармалар жазған Бек Тоғысбаевтың өзі «Туған жер», «Айнакөл» деген екі әніне мәтін жазды. Әсіресе, ақын Шәмшібай Сариев екеуінің тандемі ерекше болды. Олардың бірлесе жазған әндерін бұл күнде Қазақстанның халық әртістерімен қатар, жас орындаушылар да сүйіп орындайды. Әрине, бұл Кеңес Дүйсекеев туындыларының өміршеңдігін дәлелдейді.

Кеңес Дүйсекеевтің әндері тек көңіл көтеру үшін емес, тыңдарманды ойға жетелейтін, рухани тәрбие беретін құнды мұра. Оның шығармалары арқылы қазақ музыкасы жаңа биіктерге көтеріліп, ұлттық өнердің өрісі кеңейіп түсуде. Кеңес Дүйсекеев – үлкен жүректі азамат. Ол ешқашан атақ іздеп аласармады, ешкімге бас иген кезі болмады. Қайта үнемі «менің Кеңес Дүйсекеев деген аты-жөнімнің өзі атақ» деп отыратыны әлі есімізде.

Осыдан бес жыл бұрын, яғни 2021 жылы өмірден озған Кеңес Дүйсекеев артына мол музыкалық мұра қалдырды. Оның әндері мен әуендері бүгін де сахнадан түспей, халқымен бірге жасасай бермек. Өйткені, композитордың шығармашылығы жас ұрпақты өнерді қадірлеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелейді. Кезінде «Алматы ақшамы» газетінде композитордың 60 жылдығына арналған кең көлемді сұхбат жарияланған еді. Сол жолы Кеңес ағамыз «бірге жүрген, тай-құлындай тебіскен Жолан Дәстенов, Сейдолла Бәйтерекөв, Тілес Қажығалиев сынды достарымнан айырылдым. Олар барда маған мына дүние кең еді. Сырласып, сыйласып жүрген жан достарымнан айырылу қиынға соқты. Оларды сағынған сайын жүрегім ауырады», – деп мұңайғаны бар. Бұл күні «Достар-ай» деп достарын сағынған композитордың өзі де сол достарының қатарынан орын алды...

ЕСКЕ АЛУ

Биыл танымал композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Кеңес Дүйсекеевтің туғанына 80 жыл толып отыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында «Әуенмен өрілген өмір» тақырыбында компози-торды еске алу кеші өтті.

Ұлттық кітапхана еске алу шарасын композитордың шығармашылық мұрасын насихаттап, оның ұлттық музыка мәдениетіне қосқан зор үлесін кейінгі ұрпаққа танытуды, өнер иесінің жарқын бейнесін құрметпен еске алуды мақсат еткен.

Кештің жүргізушісі Гүлмира Нәлібай қазақ өнеріндегі Кеңес Дүйсекеевтің мол мұрасы мен жарқын келбеті, кісілігі мен кішілігі туралы баяндады. Алғашқы сөз кезегін композитор Бейбіт Оралұлы алып, естеліктерімен бөлісті.

– Кеңес ағаны 1978 жылы алғаш рет бір музыкалық байқауда көрген едім. Әділқазылар құрамында отырған кісінің Кеңес Дүйсекеев екенін кейін білдім. Кейін ағамен жақсы жолдас болып кеттік. Үнемі үлкендік танытып, білгенін үйретіп



жүретін. Кеңес ағадан өнердің қыры мен сырын үйрендім, өнердегі ұстазым десем де болады. Амал не, ол кісінің өмірден өткенін ауруханада жатып естідім, – деп қимастықпен еске алды.

Жас өнерпаздардың алғашқы баспалдағы іспетті халықаралық «Бозторғай» байқауының директоры Қарлығаш Әбдікәрімова атақты композитордың кісілік биік болмысын айрықша еске алады:

– Ол кісіні жақын білмейтіндер сыртқы келбетіне қарап «қатал» деп ойлайтын еді. Әншілердің өзі көбіне «Алдымен өзіңіз сөйлесіңізші» деп өтініш жасайтын. Осы «Бозторғай» байқауына биыл 27 жыл болса, соның 24 жылында Кеңес Дүйсекеев әділқазылар алқасының төрағасы болыпты. Ол кісі тек нағыз талантты қолдайтын. Талантты танып, «Қазақ өнеріне бір жұлдыз келді» деп шын қуанатын еді, – дейді Қарлығаш Әбдікәрімова.

Халыққа кеңінен таныс «Қарағым-ай» әнінің алғашқы орындаушысы Бибіажаар Керімбекова осы әнді домбырамен орындап, қоңыр кештің көрігін қыздыра түсті.

Кеш барысында композиторлар Артық Тоқсанбаев, Бейбіт Дәлденбаев, әнші Сүлеймен Ибрагимов ерекше дарын иесі болған Кеңес Дүйсекеев туралы естеліктерімен бөлісіп, ел жадында сақталған танымал әндері орындалды. Композитордың отбасы атынан келіні Айгүл Дүйсекеева мен немересі Димаш көпшілікке алғыстарын жеткізді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



Қазақтың Олжасы

О.СҮЛЕЙМЕНОВ – 90



Шаһардағы А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада қоғам қайраткері, ақын, жазушы, лингвист-ғалым, дипломат, Қазақстанның Еңбек ері Олжас Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойына арналған әдеби-мәдени кеш өтті.

Нұржамал
ӘЛІШ

Кешке Олжас Омарханұлы денсаулығына байланысты қатыса алмады. Дегенмен, ақын, жазушы, кинодраматург Бақытжан Қанапиянов, ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Түрксой Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет сынды ізін басқан қаламгер іні-әріптестері арнайы келіп, жастарға тағылымды әңгімелер айтып берді.

– Олжас Омарханұлын жас кезімізден оқып өстік. Кейін қызметтес болдық. «Семей-Невада» қозғалысында да бірге, басы-қасында жүрдік.

Қаншама ғасырлардан келе жатқан «біз кімбіз, қайдан шықтық, қайда барамыз?» деген секілді бір сұрақтар болады. Сол сұрақтарға жауап іздеген адамдар да аз емес. Көбі жауап таба алмайды. Ал біздің заманымызда сол сұраққа жауап тапқан бірден-бір адам болса, ол – біздің Олжас Сүлейменов. Сонау Гильгамештен, анау шумерден бастап зерттеп, біздің түбіміздің, тіліміздің түп тамыры қайда жатқанын тауып жүрген адам. Тіпті, біздің қазақтың тілінің түп тамырын анау фараондардың тілінен де тауып отыр. Қазақтың рухын өзінің асқақ өлеңдерімен ояты. Жалпы Олжекеңнің жұлдызы «Арғымақ», «Адамға табын жер енді»



атты шығармалары жарық көргенде жарқырады десек болады. Бір «Арғымағының» өзіне ақынның еркіндік пен жаңашылдық рухқа толы өлеңдері енген. Өзін танығысы келетін бүгінгі жастарға осындай кітаптарын оқуға кеңес беремін, – деді ақын Ұлықбек Есдәулет.

Тағылымды кеште Олжас Омарханұлының кітапхана қорында сақталған кі-

таптарынан көрме ұйымдастырылды. Ал Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Сахна тілі» кафедрасының студенттері ақын құрметіне арнап «Дара тұлға» атты сахналық көрініс ұсынды. Болашақ актерлерге беделді ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары Салтанат Әшімованың Алғыс хаты табысталды.

МҰҚАҒАЛИ – 95



ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

Қаламыздың Наурызбай ауданында орналасқан №221 «Келешек» мектебінде қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған тағылымдық сағаттар мен апталықтың қорытынды кеші өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш білім шаңырағы ұлттық жоба негізінде салынған, пайдаланылуға берілгеніне төртінші ай. Дегенмен, сонау аз уақыттың ішінде мектептің тындырған жұмысы көңіл көншітерліктей. Мектепте зияткерлік ойындар, «Кітап оқитын ұлт», «Бір ұлт – бір кітап», «Таза Қазақстан», «Таза Алматы» сынды іс-шаралар кезегімен өтіп жатыр. Мектеп басшысы Арнаул Мұсразқызы мектептің материалды-техникалық базасын жақсартып қана қоймай, балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін ұштайтын кеңістік қалыптастыруды көздейтінін айтады.

– Оқушыларымыз Мұқағали жырлары арқылы адамдық құндылықтарды тереңірек түсініп, поэзияға деген қызығушылықтары да арта түскені байқалады. Көптеген жас талант келешекте ақын өлеңдерін жаттап қана қоймай, шығармашылықпен айналысуға ниетті екенін жеткізіп жатыр, – дейді мектеп басшысы.

Соның бір дәлелі осы кеш болса керек. Ақын шығармашылығына арналған тағылымдық сағатта оқушылар өлең оқып, әндерін әуелете шырқады. Мектеп дәлізі ақынның портреті, өлеңдері, жазған хаттары, ақын өлеңдері бойынша салынған оқушылардың «Суретке сыйған сырлы әлем» атты суреттерімен безендірілді. Әр үзілісте мектеп радиосы арқылы оқушылар мен ұстаздар ақын өлеңдерінен поэзия минуттарын арнады. Бұл – өлеңге, сөзге құрмет, рухқа тағзым жасаған күн болды.

Ақын шығармашылығына арналған «Аққудың қанатына жазылған жыр» апталығының қорытынды кешінде белсене атсалысқан барлық оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. Ал мектеп ұстаздары арасында әр бірлестік бойынша ақын өлеңдерін өзгеше әрі жаңаша форматта жатқа оқу челленджі жалғасып жатыр. Әрине, бұл күні жас ұрпаққа поэзияның құдіретін танытқан қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі ұстаздарына жауған алғыс та шексіз болды.

КЕЗДЕСУ

«АУҒАНСТАН АҚИҚАТЫ» ерлікке тағзым, ұрпаққа өнеге

№193 жалпы білім беретін мектепте Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 37 жыл толуына орай «Ауғанстан ақиқаты» атты тағылымды кездесу кеші өтті. Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпаққа тарихи шындықты таныту, Отан алдындағы борыштың қасиетін ұғындыру және Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін дәріптеу болды.

Ауған соғысы 1979–1989 жылдар аралығында өтті. Он жылға созылған қанды қырғында Қазақстаннан 22 мыңнан астам азамат әскери борышын өтеп, мыңға жуық жауынгер ерлікпен қаза тапты. 1989 жылдың 15 ақпаны – Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан толық шығарылған күні ретінде тарихта қалды. Бұл күн – ерлік пен елге деген адалдықтың, сондай-ақ қасірет пен сағыныштың белгісі.

Іс-шараға жауынгер-интернационалистер, Ауған соғысының ардагерлері арнайы шақырылды. Атап айтқанда, «Панджшер» тобының жетекшісі, «Намыс» Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің төрағасы Алмасбек Айдарбаев және «Намыс» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Абубакир Ханаев қатысып, оқушылармен мазмұнды кездесу өткізді.

Ауған соғысының ардагерлері оқушыларға өз өмір жолдары, әскери борышын өтеу кезіндегі қиындықтар, жауынгерлік достықтың қадірі мен сын сағаттарда көрсеткен қайсарлықтары туралы әсерлі

әңгімелер айтты. Олар Ауған жеріндегі ауыр күндерді еске алып, бейбіт өмірдің бағасын түсіндірді. Ардагерлер өз сөздерінде Отан алдындағы адалдық, достыққа беріктік пен ерліктің мәні жайлы тағылымды ой қозғап, жастарды елін, жерін сүйуге, тәуелсіздіктің қадірін білуге шақырды.

Кеш барысында мектеп жанында орналасқан Мәдениет үйінің ардагерлерден құралған «Беу, айдай» ансамблі мен вокалдық топтан құралған зейнеткерлер және мектеп оқушылар патриоттық әндер орындап, өлеңдер оқыды.

Сонымен қатар, Ауған соғысында қаза тапқан боздақтарды еске алу мақсатында бір минут үнсіздік жарияланды.

Мұндай тағылымды іс-шаралар жас ұрпақтың бойында патриоттық рухты қалыптастырып, тарихи сананы нығайтуда маңызды рөл атқарады.

«Ауғанстан ақиқаты» атты кездесу кеші ерлікке тағзым ғана емес, бейбіт өмірдің бағасын ұғындырған, ұрпақ пен ардагер арасындағы рухани байланысты бекемдеген тәрбиелік мәні зор іс-шара болды. Еліміздің болашағы жастар осындай кездесулерден тағылым алып, елін сүйетін, жерін қорғайтын азамат болып қалыптасары сөзсіз. Ерлік ешқашан ұмытылмайды, тарих тағылымы – мәңгілік. Бүгінгі бейбіт өмір – кешегі батырлардың аманаты. Сол аманатқа адал болу әрбір жас ұрпақтың қасиетті парызы екенін дәріптеуіміз керек.

**К.ОМАРОВА,
Жетісу ауданы №193 жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**





ЖҰМЫС САПАРЫ

МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ

Президент кеңесшісі қалалық Кардиология орталығында болды

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Алексей Цой мен жобалық кеңесші басшысы Камалжан Надыров Алматыға жұмыс сапары аясында қалалық Кардиология орталығына барды.



Нұржамал
Әліш

Сапар барысында қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов мегаполистің денсаулық сақтау жүйесінің дамуы және саланың негізгі жетістіктері туралы ақпарат берді. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша Алматыда халық денсаулығы көрсеткіштерінің жақсарғаны атап өтілді: жалпы, ана мен бала өлімі, сондай-ақ қан айналымы жүйесі ауруларынан, туберкулезден және жазатайым оқиғалардан болатын өлім-жітім төмендеді. Әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша оң динамика байқалады.

Қаланың онкологиялық қызметі І–ІІ кезеңдегі ауруларды ерте диагностика бойынша айтарлықтай нәтижелерді қоса алғанда, жұмыстың жоғары көрсеткіштерін көрсететіні атап өтілді. Қалада медициналық кадрларды

даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда, жыл сайын саланы қаржыландыру ұлғаяды, жабдықтар мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған шығыстар кеңейтіледі.

Денсаулық сақтауды жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінеді. Былтыр 15 медициналық мекеме жөнделді және Қазақстанда баламасы жоқ №37 емхана-ның құрылысы аяқталды, онда пациенттер ағынын бөлудің заманауи жүйесі және триаж қағидаттары енгізілді. №4 қалалық клиникалық ауруханада күрделі жөндеу жүргізілді, қабылдау бөлімшесі жұмысының заманауи стандарттары енгізілді және санитарлық авиация үшін тікұшақ алаңы салынды.

Қалада жаңа емханалардың құрылысы және көпсалалы ауруханаларды, онко-, перинаталдық және паллиативтік орталықтарды қоса алғанда, ірі медициналық жобаларды іске асыруға дайындық басталды. Алматының медициналық ұйымдарында роботтандырылған технологияларды, хирургиядағы магниттік навигация жүйесін және онкологиялық науқастарды емдеуге арналған елдегі алғашқы операциялық роботты қоса алғанда, емдеудің жоғары технологиялық әдістері енгізілуде.



Сапар барысында қонақтарға қалалық Кардиология орталығының жұмысы және енгізіліп жатқан заманауи медициналық технологиялар көрсетілді. Орталықта кардиохирургия белсенді дамып келеді: өткен жылы 500-ге жуық ота ашық жүрекке жасалды, интервенциялық аритмологиялық процедуралар саны жылына 1000-ға дейін өсті. 22 қарашада Алматы қалалық Жүрек орталығында алғаш рет жүрек трансплантациясы жасалды.

Сондай-ақ, механикалық қан айналымын қолдау жүйелерін (LVAD) имплантациялау жүргізіледі және тамыршілік литотрипсия, радиожиілікті абляция және эндомиокардиальды биопсияны қоса алғанда, заманауи емдеу әдістері енгізілуде. Сапар соңында Алексей Цой жоғары технологиялық медициналық көмекті дамытудың, денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртудың және емдеудің инновациялық әдістерін енгізудің маңыздылығын атап өтті.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСАЙЫҚ!

Алматыда онкологиялық сырқатқа шалдыққан балалар күніне орай жәрмеңке өтті

«Human Rights Lawyers», «Help Today» қорлары және «Әсел Байсейітова атындағы Қайырымдылық қоры» Халықаралық онкологиялық сырқатқа шалдыққан балалар күніне орай қайырымдылық концерт пен жәрмеңке өткізді.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Бағдарлама аясында қайырымдылық жәрмеңкесі, концерттік кеш, картиналар аукционы, ремиссияға шыққан балалардың қатысуымен «Қызыл кілем» айдары ұйымдастырылды. Бұл күн өзара қолдау мен үміттің, мейірім мен ынтымақтың символына айналды.

– Қатерлі ісікпен ауырған балаларды қолдау ретінде 15 ақпан – Халықаралық онкологиялық ауруға шалдыққан балалар күніне орай арнайы қайырымдылық жәрмеңкесін жасадық. Іс-шараның мақсаты – Түркістан өңіріндегі Облыстық бала-

лар ауруханасының онкогематология бөлімшесі жанынан «Smart School» ауруханалық мектебін ашуға қаражат жинау және балалар онкологиясы туралы қоғамның құлағдар ету, деді «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының басшысы Ләззат Рақышева.

Ал «Help Today» қайырымдылық қорының төрағасы Эльмира Әлиеваның айтуынша, Қазақстанда жыл сайын балалар арасында қатерлі ісіктің 500–600 жаңа жағдайы анықталады.

– Біз жұмысымызды ерікті ретінде 2014 жылы бастадық. Қорымыз 2016 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қайіпті дертті ерте анықтау мен алдын алу жөніндегі ақпараттық жұмыстардың маңызы зор. Балалар обыры емделеді, ал дер кезінде диагноз қою сауығу мүмкіндігін арттырады, – деді Эльмира Әлиева.

Айта кету керек, «Smart School» жобасы 2018 жылдан бері ауыр диагнозбен ұзақ ем алып жатқан балаларға үздіксіз білім беріп келеді. Бүгінде ел бойынша төрт ауруханалық мектеп жұмыс істейді, жоба аясында 3 мыңнан астам бала тегін білім алған. Жаңа мектеп ашу үшін жиналған қаражат оқу кеңістігін жабдықтауға, техника мен оқу құралдарын сатып алуға жұмсалады.

2026 жылдың Халықаралық волонтерлер жылы деп жариялануы да бұл бастаманың маңызын арттыра түскендей. Себебі, қайырымдылық – балалардың өміріне үміт сыйлайтын, болашағына жол ашатын ортақ күш. Ал әрбір үлес – сауығуға, білімге және толыққанды өмірге жасалған нақты қадам.





ФУТБОЛ

ЖАҢА МАУСЫМ – ЖАҢА МАҚСАТ

«Қайрат» негізгі құрамасын таныстырды

«Қайрат» футбол клубы жаңа маусым алдында футболшылардың жаңарған жейдесін таныстырып, өз басында баспасөз мәслихатын өткізді.



Досбол
АТАЖАН

Салтанатты рәсім кезінде алматылық команда жаңа дизайнға жейделерін, сондай-ақ ерлер, әйелдер және зағип футболшылар командаларын таныстырды. Ерлердің негізгі құраманы жақында қосылған ойыншылар: Лукас Африко, Себастьян Себальос, Яакко Оксанен және Ойва Юккола алғаш рет көпшілік алдына шықты. Сонымен қатар, іс-шара барысында қақпашы Темірлан Анарбеков №1 жейдемен, ал Дастан Сәтпаев №10 жейдемен өнер көрсететіні белгілі болды.

Одан кейін өткен баспасөз мәслихатында алматылық команданың өкілдері алдағы маусымға қойған мақсат пен міндеттері туралы хабарлады. Негізгі құраманың бас бапкері Рафаэль Уразбахтиннің айтуынша, уақыт аз болғанына қарамастан команда ел чемпионатының басталуына жақсы дайындалған.

– Бізде уақыт өте тығыз болды. Чемпиондар лигасына байланысты алғаш рет

қаңтар айында ресми матч ойнау қажет болды. Сондықтан дайындығымызды сәл тездетуге тура келді, яғни бірінші оқу-жаттығу жиынында жедел режимде жұмыс істедік. Чемпиондар лигасындағы ойындарға қарасақ, «Брюггемен» болған матчты қоспағанда «Арсеналға» қарсы физикалық тұрғыдан дайын екенімізді көрсеттік. Ақпан айында Түркияда екінші оқу-жаттығу жиыны өтті. Онда 4 ойын өткіздік. Тәжірибе жинау үшін ойын уақытын жігіттерге теңдей бөлдік. Нәтижеге емес, көбіне ойыншылардың үйлесіміне мән бердік. Әртүрлі схемаларды, жаңа идеяларды байқап көрдік. Кез келген бапкер секілді мен де дайындыққа көбірек уақыт берілгенін қалаймын. Бірақ 28 ақпанда біз қаншалықты дайын екенімізді көрсетеміз, – деді ол.

Сондай-ақ, Рафаэль Уразбахтин командаға қосылған жаңа ойыншыларға байланысты пікірін білдірді. Ол клуб жас әрі жоғары деңгейде ойнай алатын футболшыларды шақыруға тырысқанын атап өтті.

– Жаңа ойыншылар клубтан кеткен ойыншыларымыздан әлдеқайда мықты. Әрине, олардың физикалық дайындығы әртүрлі. Мәселен, Финляндиядан келген жігіттер (Яакко Оксанен және Ойва Юккола) физикалық тұрғыдан дайын деуге болады. Қалған ойыншылар жұмысты жал-



ғастырып жатыр. Олар тезірек командаға бейімделіп, өздерін жақсы жағынан көрсетеді деп үміттенеміз. Біз жаңа футболшыларды Чемпиондар лигасында жинаған тәжірибемізді ескере отырып шақырдық. Барлық командаларда жастарға көп сенім артылатынын көрдік. Сондай-ақ, «Челсиге» барған сапарымызда олардың стратегиясының түбегейлі өзгергенін байқадық. Олар қазір жастарға сенім артады, команда өте жас ойыншылар жиналған. Сәйкесінше, біз де өз тарапымыздан жеңіске деген құштарлығы жоғары, жас ойыншыларды тартуға тырыстық, – деді бапкер.

Ал «Қайрат» ФК Бақылаушылар кеңесінің төрағасы Қайрат Боранбаев биыл команда алдына қандай міндет қойылғанын айтты. Оның сөзінше, команда ең биік жетістіктер үшін күреседі.

– Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз өзгермейді, өйткені ол үшін клубта бәрі бар. Егер қаржыландыруда немесе футболшыларды шақыруда қандай да бір қиындықтар болса, түсінуге болар едім.

Бірақ бүгін чемпионатқа қажеттінің бәрі ұйымдастырылған, құрылған жүйе жұмыс істеп келеді. Сондықтан мақсаттарымыз сол қалпында қалады, тағы да елді дүркіретуге тырысамыз. Әрине, өзге клубтарда не болып жатқанын көріп отырмыз және мұны құптаймыз. Жеке клубтардың көбейетіні өте жақсы, бұл бәсекелестікті арттырады. Академиялардың дамып, мүмкіндіктердің ашылуы маңызды. Бұл тек «Қайраттың» айналасында ғана болмауы керек. Әр өңірде дамып, әр жерде жігітеріміз шығуы тиіс. Ол үшін тек дұрыс көңіл бөліп, жүйелі түрде дайындалу қажет, – деді ол.

Еске салайық, 28 ақпан, сағат 17.00-де «Астана арена» стадионында футболдан Қазақстан Суперкубогы үшін алматылық «Қайрат» пен қостанайлық «Тобыл» кездеседі. Қостанай командасы 2024 жылы, ал Алматы ұжымы 2025 жылы Суперкубокты жеңіп алған болатын.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

SENAT OPEN

әуесқой шахматшылардың басын қосты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

филиалы өткізген білім және ғылым саласының мамандары арасындағы турнирде 73 қатысушы бақ сынады. Олардың қатарында ЖОО және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілері бар.

– Шахмат – баршаға қолжетімді ойын. Мұндай турнирлер бос уақытты тиімді өткізуге көмектеседі. Спорттық көңіл күйді қалыптастырады, әлеуметтік өзара байланысты күшейтеді, бұқаралық, интеллектуалды спортты насихаттайды, қоғам мүшелерінің ортақ қызығушылығын арттырады, адамдарды бір-біріне жақындастырады. Иә, осындай мақсатты көздейтін Senat open турнирі шахматтың елдің кәсіби қоғамдастығын біріктіретін зияткерлік платформа ретіндегі мәртебесін нығайтып келеді, – дейді турнирдің бас төрешісі, «Дебют» шахмат клубының директоры Асылхан Қараев.

Турнирде ерлер арасында Ақәділ Дүйсебаев, ал әйелдерден Жұлдыз Есенбаева үздік атанды. Екінші, үшінші орын жеңімпаздары да диплом мен қаржылай сыйлық иеленді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Думан БАЛАШҰЛЫ,
Түркісіб ауданы №71 ЖББМ алғашқы әскери дайындық және технология пәндерінің мұғалімі:

– Шахматты бес жасымнан ойнаймын. Бала күнімде ағам үйреткен болатын. Біздің тұсымызда бүгінгідей интернет, ұялы телефон деген жоқ, сонда ағам біздің уақытымызды тиімді өткізгенімізді қалаған екен ғой деп ойлаймын осы күні. Қазір хоббиіме айналған. Балаларымыз да, немерелеріміз де шахмат ойнайды. Кішкентайларымыз дойбы, тоғызқұмалаққа да жақын. Шахмат – ойлау жүйесін дамытатын, логика, стратегия мен тәртіпті қалыптастыратын спорт. Бұрын оқушы күнімде кейде сабақтан қалып қойсам, ертеңіне геометрия, алгебра сынды пәндердің өзіме таныс емес күрделі есептерін логикаға салып шығарып ала беруші едім. Бұл – керек әрі пайдалы ойын. Сондықтан балалардың көптеп айналысқанын қалаймын.

ТАЭКВОНДО

«JASYN» ОДАҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

Alatau Creative Hub орталығында таэквондо спортынан жаңадан құрылған «JASYN» халықаралық қоғамдық одағының ресми ашылу салтанаты өтті. Тағылымды жиынға елге белгілі ардагер бапкерлер, спорт санлақтары мен желтоқсан батырлары қатысып, игі іске қолдау білдірді.



Кездесу барысында таэквондоның даму бағыттары, жасөспірімдерді спортқа баулу және халықаралық ареналарда ел намысын қорғайтын спортшыларды даярлау мәселелері кеңінен талқыланды. Алқалы отырысқа қатысқан тәжірибелі мамандар өз ой-пікірлерін ортаға салып, жаңа Одақтың болашағына сенім білдірді. Айта кетерлігі, таэквондо спорты Сидней – 2000 Олимпиадасы бағдарламасына енгеннен бері оның әлемдік деңгейде танымалдығы артып, жастар арасында қызығушылығы еселене түсті.

Алқалы жиын қорытындысында «JASYN» халықаралық қоғамдық одағының басқарма құрамы сайланды. Ұйым президенті болып Болат Құрымбаев, вице-президент қызметіне Дамир Нұрсұлтанұлы, ал атқарушы директорлыққа Серік Жиенбаев бірауыздан бекітілді.

Жаңадан құрылған Одақтың басты мақсаты – өскелең ұрпаққа таэквондомен айналысуға жағдай жасап, Олимпиада, Әлем және Азия біріншіліктерінде ел абыройын асқақтатын спортшыларды тәрбиелеу. Жиын соңында желтоқсан ардагері, Жамбыл Жабаевтың шөбересі Мұратхан Жамбыл Әлімханұлы ақ батасын беріп, берекелі бастамаға сәттілік тіледі.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

Алматыда ғылым және білім қызметкерлері арасында Senat open республикалық шахмат турнирінің іріктеу кезеңі өтті. Аталмыш сайысты Қазақстан шахмат федерациясы ҚР Парламенті Сенатымен бірлесіп және Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтің тікелей қолдауымен осымен үшінші жыл ұйымдастырып отыр.



Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл жоба шахматты түрлі кәсіби сала мамандарының арасында насихаттауға және елімізде зияткерлік спортты дамытуға бағытталған. Биылғы іріктеу кезеңдері мәдениет және өнер; денсаулық; БАҚ өкілдері; білім және ғылым қызметкерлері; ардагерлер және мемлекеттік қызметшілер сынды алты санат бойынша өтеді. Әр іріктеу турнирінің қорытындысында үздік деп танылған 20 қатысушы 26 сәуірде ұйымдастырылатын екінші іріктеу кезеңіне, яғни ширек финалға жолдама алады. Бұдан әрі мықты шахматшылар Өскеменде өтетін жартылай финалға шығады. Ал турнирдің финалы жазда елордамыз Астанада өтпек.

Қазақстан шахмат федерациясының Алматы қалалық



КЕЗДЕСУ

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «30» сәуірдегі №2/270 қаулысына 1-қосымша

ЗАҢДЫ БІЛУ – ТӘРТІПТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ

Алматыда Ішкі саясат басқармасы жанындағы Қоғамдық даму орталығы мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті бірлесіп «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында кездесу өткізді.

Дана САДЫРҚАН

Кездесуге университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер, сондай-ақ Алматы қалалық прокуратурасы мен Алматы қаласының Полиция департаменті өкілдері қатысты.

Іс-шараның мақсаты – жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, қоғамдық тәртіпті нығайту және құқықбұзушылықтың алдын алу.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасына қарасты Қоғамдық даму орталығының жетекшісі Ләззат Әкежанованың айтуынша, биылғы жұмыстар Мемлекет басшысының «Заң және тәртіп» қағидатын түсіндіру жөніндегі тапсырмасынан бастау алады.

– Жыл басынан бері жоғары оқу орындары мен мектептерде 15-ке жуық кездесу ұйымдас-

тырылды. Әр формат аудитория ерекшелігіне қарай бейімделеді. Бүгінгі басқосу педагогикалық университетте өткізіліп, цифрлық қауіпсіздік пен зияткерлік қауіпсіздікке ерекше назар аударылды.

Спикерлер құқық бұзушылықтың түрлері, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту тетіктері туралы нақты баптар бойынша түсіндірме берді.

Биыл Қоғамдық даму орталығы бес әлеуметтік жобаны жүзеге асыруда. Соның бірі – «Заң және тәртіп» әлеуметтік жобасы. Бұл жоба тек дәріс форматымен шектелмей, интерактивті тәсілдер қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, алдағы уақытта «Қауіпсіз аула» жобасы іске қосылып, спикерлер мен заңгерлер қала аулаларында тұрғындармен кездесіп, құқықтық нормалар жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, құқықтық мәдениетті қалыптастыру – тек жазалау шараларын түсіндіру емес, ең алдымен азаматтық сананы дамыту. Заңды білу – тәртіпті қоғам құрудың басты шарты.

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2026 жылғы 17 ақпандағы №01 шешімі

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03

«Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы ШЕШІМ:

1. Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің «Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» 2019 жылғы 12 сәуірдегі №03 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №1546 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің №1 қосымшасындағы №337, 343 сайлау учаскелерінің орталықтары келесі редакцияда жазылсын:

«№337 сайлау учаскесі (орталығы: «№57 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Ботаническая көшесі, №2 үй); №343 сайлау учаскесі (орталығы: «№57 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Ботаническая көшесі, №2 үй)».

2. Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы шешімді ресми жарияланған кейін Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

Жетісу ауданының әкімі

Л.ЖЫЛҚЫБАЕВА.

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі №2/270 қаулысы

Алматы қаласының Әділет департаментінде 2019 жылдың 30 сәуірінде тіркелген, №1554

Алматы қаласында сайлау алдындағы үгітті ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының заңнамасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп отырып, барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар белгіленсін.

3. Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте кандидаттардың сайлаушылармен кездесуінің кестесін әзірлеу және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша шаралар қабылдасын.

4. Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Алматы қаласында сайлау алды үгітті ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 13 наурыздағы №1/163 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №1150 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 наурызда «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде жарияланған);

2) «Алматы қаласында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды және сайлаушылармен кездесулерді өткізу үшін үй-жайларды белгілеу туралы» 2016 жылғы 1 ақпандағы №1/30 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №1251 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 ақпанда «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде жарияланған).

5. «Алматы қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қырықбаеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б.БАЙБЕК.

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар

Table with 3 columns: №, Өткізілетін орны, Мекен-жайы. It lists 114 numbered entries with corresponding addresses and locations for candidate meetings.



Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «30» сәуірдегі №2/270 қаулысына қосымша

Кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

Table with 3 columns: №, Ауданның атауы, Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар. Contains a list of candidates and their respective districts.

Table with 3 columns: Candidate number, District, and Candidate name. Lists candidates from districts 153 to 232, including names like Әуезов ауданы, Бостандық ауданы, etc.

233.	Бостандық ауданы	Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы (Абай даңғылы 14, Абылай хан даңғылының қиылысы, шығыс жағы)
234.	Бостандық ауданы	«№23 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Сәтбаев көшесі, 3-А, солтүстік-шығыс жағы)
235.	Бостандық ауданы	«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Сейфуллин даңғылының батысы, Абай даңғылы, 32-А оңтүстігі)
236.	Бостандық ауданы	Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Сәтбаев көшесі мен Сейфуллин даңғылының қиылысы, оңтүстік-батыс жағы)
237.	Бостандық ауданы	Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультетінің оқу корпусы (өл-Фараби даңғылы, 71, заң факультеті оқу корпусының шығысы)
238.	Бостандық ауданы	«№21 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Марков көшесі, 28-Б, шығыс жағы)
239.	Бостандық ауданы	«№51 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Бұхар жырау көшесінің солтүстік жағы, Мүсірепов көшесінің қиылысы)
240.	Бостандық ауданы	«Орталық стадион» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Абай даңғылы, 48, батыс жағы)
241.	Бостандық ауданы	Республикалық спорт колледжі (Тимирязев көшесі, 41 солтүстік жағы, Байзақов көшесінің қиылысы)
242.	Бостандық ауданы	Жәуоков атындағы республикалық мамандандырылған физика-математика орта мектеп-интернаты (Бұхар жырау көшесі, 36, оңтүстік жағы, Мүсірепов және Байзақов көшелерінің арасы)
243.	Бостандық ауданы	«Жандосов атындағы №105 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Абай даңғылы, 54, Биокмбинатская көшесінің қиылысы, оңтүстік-шығыс жағы)
244.	Бостандық ауданы	Сәтбаев көшесінің солтүстік жағы, Манас көшесінің қиылысы, батыс жағы
245.	Бостандық ауданы	Қазақ республикалық санитарлық-эпидемиологиялық қызметі (Әуезов көшесі, 84, Мыңбаев көшесінің қиылысы, солтүстік-шығыс жағы)
246.	Бостандық ауданы	Жандосов көшесі мен Байзақов көшесінің қиылысы
247.	Бостандық ауданы	«№81 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Байзақов көшесінің шығыс жағы, Бұхар жырау көшесі, 38, бұрышы)
248.	Бостандық ауданы	«№10 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Бұхар жырау көшесі, 50-б, оңтүстік жағы, Манас және Байзақов көшелерінің арасы)
249.	Бостандық ауданы	Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті (Манас көшесі, 34, солтүстік-батыс жағы)
250.	Бостандық ауданы	«Суарна» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Жароков көшесі, 196, Ғабдуллин көшесінің қиылысы)
251.	Бостандық ауданы	«№65 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Сәтбаев көшесі, 101, Егізбаев көшесінің қиылысы, солтүстік-шығыс жағы)
252.	Бостандық ауданы	«№93 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Айманов көшесінің шығыс жағы, №137 бөбекжай-балабақшасы ғимаратының жанында)
253.	Бостандық ауданы	«№73 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Басенов көшесі, 14, Розыбакиев көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы)
254.	Бостандық ауданы	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық медбикелік күтім ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны («Көктем-3» шағынауданы, 11, Мүсірепов көшесі, Бұхар жырау көшесінің бұрышы, солтүстік-батыс жағы)
255.	Бостандық ауданы	«Қалалық балалар клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (Бұхар жырау көшесінің солтүстігі, Манас көшесінің шығысы)
256.	Бостандық ауданы	«Жекенова атындағы қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (Байзақов көшесі, 295, батыс жағы, Бұхар жырау көшесінен солтүстікке қарай 300 метр)
257.	Бостандық ауданы	«Қалалық орталық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (Жандосов көшесі, 6, Манас көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы)
258.	Бостандық ауданы	«Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» республикалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (Кекілбайұлы көшесі, 129-а батысы, №129/8 үйдің солтүстігі)
259.	Бостандық ауданы	№5571 әскери бөлім (Попов көшесі, 1-А, солтүстік жағы)
260.	Бостандық ауданы	Жароков көшесі мен Басенов көшесінің қиылысы (оңтүстік-шығыс жағы)
261.	Бостандық ауданы	Манас көшесі, 40, шығыс жағы, Бұхар жырау көшесінен солтүстікке қарай 200 метр
262.	Бостандық ауданы	Басенов көшесі, 2, шығыс жағы, Жароков көшесінен оңтүстікке қарай 200 метр
263.	Бостандық ауданы	Тимирязев көшесі, 50, Жароков көшесінің қиылысы, оңтүстік-батыс жағы
264.	Бостандық ауданы	«№73 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Басенов көшесі, 14, оңтүстік жағы)
265.	Бостандық ауданы	«№165 мамандандырылған лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Гагарин даңғылы, 193, Жұраев көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы)
266.	Бостандық ауданы	«№63 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Кекілбайұлы көшесі, 88, Өтепов көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы)
267.	Бостандық ауданы	«№38 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Розыбакиев көшесі, Левитан көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы)
268.	Бостандық ауданы	«№88 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Қазақфильм» шағынауданы, Есеналиев көшесі, 34, батыс жағы)
269.	Бостандық ауданы	«№70 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Қазақфильм» шағынауданы, 15-А, батыс жағы, 16 үйдің жағы)
270.	Бостандық ауданы	Тимирязев көшесі, Әуезов көшесінің бұрышы (оңтүстік жағы)
271.	Бостандық ауданы	«№69 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ғабдуллин көшесі, 67, солтүстік жағы, Әуезов және Манас көшелерінің арасы)
272.	Бостандық ауданы	«Алматы қалалық сапауатты өмір саптын қалыптастыру орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (Гагарин даңғылы, 215, батыс жағы)
273.	Бостандық ауданы	«№146 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Гагарин даңғылы, 311, Могилевская көшесінің бұрышы, солтүстік-шығыс жағы)
274.	Бостандық ауданы	Тамақ өнімдерін өндіру және қайта өңдеу ғылыми-өндірістік орталығы (Гагарин даңғылы, 238-А, Березовский көшесінің бұрышы)
275.	Бостандық ауданы	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық саулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Кекілбайұлы көшесі, 117, батысы, Байқадамов көшесінің оңтүстігі)
276.	Бостандық ауданы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы (Басенов көшесінің оңтүстік жағы, Розыбакиев көшесінің батысы)
277.	Бостандық ауданы	Қалалық медициналық-әлеуметтік түзету наркологиялық орталығының 5-бөлімшесі (Радостовец көшесі, 279, Байқадамов көшесінің бұрышы, солтүстік-батыс жағы)
278.	Бостандық ауданы	«Алматы психоневрология ауруымен ауыратын мүгедектерге арналған интернат-үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Кекілбайұлы көшесі, 121, батысы, № 129/2 үйдің солтүстігі)
279.	Бостандық ауданы	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық палиативтік көмек орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Өтепов көшесі, 3, солтүстік жағы, Жароков көшесінен батысқа қарай 250 метр)
280.	Бостандық ауданы	Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы (Өл-Фараби даңғылы, 146, оңтүстік жағы)
281.	Бостандық ауданы	Асқаров көшесі мен Мирас көшесінің қиылысы
282.	Бостандық ауданы	Мирас көшесі, Өл-Фараби даңғылының бұрышы, оңтүстік жағы
283.	Бостандық ауданы	Асқаров көшесі мен Мұстафин көшесінің қиылысы, оңтүстік-шығыс жағы
284.	Бостандық ауданы	Сәтбаев көшесі, Брусиловский көшесінің бұрышы, оңтүстік жағы
285.	Бостандық ауданы	Сәтбаев көшесі, Розыбакиев көшесінің бұрышы, оңтүстік-батыс жағы
286.	Бостандық ауданы	«№189 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Нұр Алатау» шағынауданы, Қазыбек Тауасарұлы көшесі, 33)
287.	Бостандық ауданы	«№190 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Нұрлытау» шағынауданы, Рафика Нұрғазина көшесі, 49)
288.	Бостандық ауданы	«№183 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Ерменсай» шағынауданы, Жәңгір хан көшесі)
289.	Бостандық ауданы	Батырхан Шүкенов көшесі, 66, Асқар Қонаев көшесінің бұрышы
290.	Бостандық ауданы	Восточная көшесі, Сырғабеков көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы
291.	Бостандық ауданы	«Асқартау» шағынауданы, Арайлы көшесі, Жәңгір хан көшесінің қиылысы, солтүстік жағы
292.	Бостандық ауданы	«Ақтөбе» шағынауданы, Назқоңыр көшесі, Баһауір көшесінің қиылысы
293.	Бостандық ауданы	Дулати көшесі, Сапарлы жол көшесінің бұрышы
294.	Бостандық ауданы	Дулати көшесі, Көшек Батыр көшесінің қиылысы
295.	Бостандық ауданы	Өл-Фараби даңғылы, Назарбаев даңғылының бұрышы
296.	Бостандық ауданы	«Алатау» дегірілік амбулаториясы («Нұр Алатау» шағын ауданы, Қазыбек Тауасарұлы көшесі, 83)
297.	Бостандық ауданы	«№191 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Қарғалы» шағынауданы, Мұстафин көшесі, 18)
298.	Бостандық ауданы	«№92 бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны («Алмағұл» шағынауданы, 41)
299.	Бостандық ауданы	«№99 бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (Жароков көшесі, 294)
300.	Бостандық ауданы	«Достар Мед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Сененов көшесі, 28/5)
301.	Бостандық ауданы	«Корун-Medicus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Бұхар Жырау бульвары, 45/1)
302.	Жетісу ауданы	«№66 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Қазақов көшесі, 6, оңтүстік жағы, Венецианов көшесінің бұрышы)
303.	Жетісу ауданы	Павленко көшесі, шығыс жағы, Қазақов көшесі, 6 бұрышы
304.	Жетісу ауданы	«№109 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Гончаров көшесі, 23, шығыс жағы, Қазақов көшесінің бұрышы)
305.	Жетісу ауданы	Гончаров көшесі, 23, Федоров көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы
306.	Жетісу ауданы	«№3 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Вольная көшесі, 6-А, шығыс жағы)
307.	Жетісу ауданы	«№108 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ақлаев көшесі, 59А, оңтүстік жағы)
308.	Жетісу ауданы	«№108 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ақлаев көшесі, 59-А, Токтаров көшесінің бұрышы, батыс жағы)
309.	Жетісу ауданы	Сейфуллин даңғылы, 293, батыс жағы
310.	Жетісу ауданы	Алматы автомобильлік колледжі (Қазыбаев көшесі, 270, батыс жағы)
311.	Жетісу ауданы	Бөкейханов көшесі, 11, шығыс жағы
312.	Жетісу ауданы	«№112 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ратушный көшесі, 131, солтүстік-шығыс жағы)
313.	Жетісу ауданы	«№87 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Көкмайса» шағынауданы, 38 А, батыс жағы)
314.	Жетісу ауданы	Өрт сөндірушілер кәсіби дайындау орта білім беретін мектебі («Көкмайса» шағынауданы, 27 А, шығыс жағы)
315.	Жетісу ауданы	«№137 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Айнабұлақ-2» шағынауданы, 65 А, батыс жағы)
316.	Жетісу ауданы	«№118 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Айнабұлақ-2» шағынауданы, 65, батыс жағы)
317.	Жетісу ауданы	Мұқатай Беспақов көшесі, Жұмабаев көшесінің бұрышы, оңтүстік-батыс жағы
318.	Жетісу ауданы	«Айнабұлақ-2» шағынауданы, 32А, шығыс жағы
319.	Жетісу ауданы	Бөкейханов көшесі, 223, шығыс жағы
320.	Жетісу ауданы	«№110 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Айнабұлақ-3» шағынауданы, 166 А, батыс жағы)
321.	Жетісу ауданы	Қалалық жас туристер станциясы («Айнабұлақ-3» шағынауданы, 167, Мұқатай Беспақов көшесінің батыс жағы)
322.	Жетісу ауданы	«Айнабұлақ-3» шағынауданы, 166 А, шығыс жағы
323.	Жетісу ауданы	«№129 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Айнабұлақ-3» шағынауданы, 165 А, солтүстік жағы)
324.	Жетісу ауданы	«Алматы-2» вокзалы (Абылай хан даңғылы, 1, Тузов көшесінің бұрышы, оңтүстік жағы)
325.	Жетісу ауданы	«№57 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ахтанов көшесі, 57, Ломоносов көшесінің бұрышы, оңтүстік-батыс жағы)
326.	Жетісу ауданы	«Jilduz Kepan Co.LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Сүйінбай даңғылы, 435, батыс жағы)
327.	Жетісу ауданы	Куратов көшесі, Есік көшесінің бұрышы, солтүстік-шығыс жағы)
328.	Жетісу ауданы	«№103 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Қырдырбекұлы көшесі, 158, Рысқұлов даңғылының бұрышы, оңтүстік жағы)
329.	Жетісу ауданы	«№102 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Тұлқабас көшесі, Натаров көшесінің бұрышы, солтүстік-батыс жағы)
330.	Жетісу ауданы	Потанин көшесі, 226, Тұлқабас көшесінің бұрышы, батыс жағы
331.	Жетісу ауданы	«№43 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Шилов көшесі, 5, Ботаническая көшесінің бұрышы, солтүстік-шығыс жағы)
332.	Жетісу ауданы	«№80 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Жайсаң көшесі, 26, батыс жағы)
333.	Жетісу ауданы	Жайсаң көшесі, Эйхе көшесінің бұрышы, оңтүстік-батыс жағы
334.	Жетісу ауданы	«№101 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Жансүгіров көшесі, 352, батыс жағы)
335.	Жетісу ауданы	Жансүгіров көшесі, Серпуховский көшесінің бұрышы, солтүстік-батыс жағы
336.	Жетісу ауданы	2468 әскери бөлім («Көкмайса» шағын ауданы, 26 А, Ангарская көшесі, батыс жағы)
337.	Жетісу ауданы	Гончаров көшесі, 23, Қазақов көшесінің бұрышы, солтүстік жағы
338.	Жетісу ауданы	«№162 бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны («Құлагер» шағынауданы, 25 А, шығыс жағы)
339.	Жетісу ауданы	«№2 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Черкасская оборона көшесі, 71, Еланов көшесінің бұрышы, шығыс жағы)
340.	Жетісу ауданы	Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы (Абылай хан даңғылы, 2, Тузов көшесінің бұрышы, солтүстік жағы)
341.	Жетісу ауданы	Боралдай көшесі, 91, батыс жағы
342.	Жетісу ауданы	«№148 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Құлагер» шағынауданы, 52, оңтүстік жағы)
343.	Жетісу ауданы	«№177 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Көкжиек» шағынауданы, 63, солтүстік-батыс жағы)
344.	Жетісу ауданы	«№177 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Көкжиек» шағынауданы, 63, оңтүстік-батыс жағы)
345.	Жетісу ауданы	«№193 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

346.	Жетісу ауданы	«Кемел» шағынауданы, Қартқожа көшесі, Есім хан көшесінің бұрышы, батыс жағы)
347.	Жетісу ауданы	Мәдениет үйі («Кемел» шағынауданы, Есім хан көшесі, 125, Қартқожа көшесінің бұрышы, солтүстік-батыс жағы)
348.	Жетісу ауданы	«№193 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («Кемел» шағынауданы, Жар-жақ көшесі, 54, Қартқожа көшесінің бұрышы, оңтүстік-шығыс жағы)
349.	Медеу ауданы	«№176 бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны («Құлагер» шағынауданы, 52-А, оңтүстік жағы)
350.	Медеу ауданы	Күміл көшесі мен Шығыс айналма жолы қиылысының солтүстік-батыс бұрышында
351.	Медеу ауданы	Глубокая көшесінің Базарбаев көшесімен қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
352.	Медеу ауданы	Сағадат Нұрмағамбетов көшесінің Шығыс айналма жолымен қиылысының оңтүстік-батыс жағы
353.	Медеу ауданы	Қақымұқан көшесі мен Достық даңғылы қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
354.	Медеу ауданы	Омарова көшесі мен Достық даңғылы қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
355.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Оспанов көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
356.	Медеу ауданы	Оспанов көшесі мен Падушкин көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
357.	Медеу ауданы	Байқоңыр көшесі мен Олимпийская көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
358.	Медеу ауданы	Жәуоков көшесінің оңтүстік жағында, 40-А
359.	Медеу ауданы	Затаевич көшесі мен Жуков көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
360.	Медеу ауданы	Манаев көшесі мен Жуков көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
361.	Медеу ауданы	Бағланова көшесі мен Диваев көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
362.	Медеу ауданы	Крючков көшесі мен Достық даңғылы қиылысының солтүстік-батыс бұрышында
363.	Медеу ауданы	Байжанов көшесінің оңтүстік-шығыс жағында
364.	Медеу ауданы	Чайкина көшесінің Достық даңғылымен қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
365.	Медеу ауданы	Бағланова көшесі мен Диваев көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
366.	Медеу ауданы	Олимпийская көшесі мен Кербұлақ көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
367.	Медеу ауданы	Өмірзақ Сұлтанғазин көшесі мен Қойғелді батыр көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
368.	Медеу ауданы	Смаров көшесі мен Қыз Жібек көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
369.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Шевченко көшесі қиылысының солтүстік-батыс бұрышында
370.	Медеу ауданы	Қабанбай батыр көшесі мен Уәлиханов көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
371.	Медеу ауданы	Назарбаев даңғылы мен Қабанбай батыр көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
372.	Медеу ауданы	Бегалин көшесі мен Қабанбай батыр көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
373.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Сәтбаев көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
374.	Медеу ауданы	Абай даңғылы мен Уәлиханов көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
375.	Медеу ауданы	Снегин көшесі мен Меңдіқұлов көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
376.	Медеу ауданы	Снегин көшесі мен Меңдіқұлов көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
377.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Жолдасбеков көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
378.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Әл-Фараби даңғылы қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
379.	Медеу ауданы	Қақымұқан көшесі мен Назарбаев даңғылы қиылысының солтүстік-батыс бұрышында
380.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Қақымұқан көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
381.	Медеу ауданы	Қақымұқан көшесі мен Байжанов көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
382.	Медеу ауданы	Бекхожин көшесі мен Кармысов көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
383.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Әл-Фараби даңғылы қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
384.	Медеу ауданы	Әлімжанов көшесі мен Уәлиханов көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
385.	Медеу ауданы	Төлбаев көшесі мен Қазыбек би көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
386.	Медеу ауданы	Жібек жолы көшесі мен Қалдаяқов көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
387.	Медеу ауданы	Абдуллингер көшесі мен Мақтаев көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
388.	Медеу ауданы	Гоголь көшесі мен Зенков көшесі қиылысының оңтүстік-батыс бұрышында
389.	Медеу ауданы	Қазыбек би көшесі мен Абдуллингер көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
390.	Медеу ауданы	Достық даңғылы мен Қазыбек би көшесі қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында
391.	Медеу ауданы	Бөгенбай батыр көшесі мен Орманов көшесі қиылысының солтүстік-шығыс бұрышында
392.		



КІТАПҚА АЙНАЛҒАН ӨМІР

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті қабырғасында Дәулет Ізбасарұлы Шөккенің «Ізім өшпесін» атты кітабының тұсаукесері өтті. Бұл кеш – бір адамның ғұмыр жолына жасалған байыпты көзқарас, өмірлік ізденіс пен азаматтық толғаныстың нәтижесі іспетті.

би шеңберде шектеліп қалмаған. Ол өз тегіне үңіліп, ата-бабасының тарихын жинақтап, әулет шежіресін хатқа түсірген. Бұл – өткенге деген құрметтің, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Кітаптағы ерекше әсер қалдыратын тұстардың бірі – автордың отыз жастан асқан шағында ағылшын тілін меңгеруі. Көпшілік бұл кезеңді «кеш» санаса, Дәулет Ізбасарұлы үшін бұл жаңа белеске бастар жол болды. Соның нәтижесінде АҚШ-пен тікелей байланыс орнатып, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға нақты үлес қосты. Санта-гертруда, ангус, геррефорд тұқымдарын елге әкелу – сол кезең үшін үлкен тәуекел мен табанды еңбектің жемісі еді. Бұл – құр сөз емес, нақты нәтижемен дәлелденген іс.

«Ізім өшпесін» кітабы кәсіби жетістіктерді тізбелеумен шектелмейді. Онда адамның тамыры бар: кіндік қаны тамған жері, ата-анасы, бауырлары, достары, курстастары, отбасы, шәкірттері барлығы қамтылған. Сондықтан бұл еңбек – бір адамның ғана



емес, тұтас бір кезеңнің шежіресі деуге толық негіз бар.

Кітаптың таныстырылым кешіне автордың курстастары, достары, туыстары, балалары, студенттері жиналды. Қадірлі қонақтар қатарында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ұлықбек Есдәулет, жазушы, Халықаралық ПЕН-клубтың лауреаты Бигелді Ғабдуллин, Жамбыл облысының экс-әкімі, елші Бөрібай Жексембин, публицист-жазушы Марат Тоқашбай болды.

Кешті белгілі дәрігер, профессор Қапан Тұрсынов жоғары

деңгейде жүргізіп, басқосудың мазмұнын аша түсті. Жиналған қауымның тілегі ортақ болды: бұл еңбек өз оқырманын тауып, ой салсын, сананы серпілтісін. Өйткені, «Ізім өшпесін» – бір адамның өмірбаянын ғана баяндап тұрған жоқ, керісінше, адал еңбекке, үздіксіз ізденіске, туған тамырын тануға үндейтін тағылымды туынды болғаны қуантады.

Мұндай кітаптар уақыт өте келе жеке автордың емес, тұтас бір буынның рухани таразысына айналады.

ЕСКЕРІЛМЕГЕН ЕСКІ МҰРА:

Қазақ даласындағы іс жүргізу қағаздарының көне іздері

Іс жүргізу қағаздарының ең көне белгілері қазақ даласына тән екенін сенімді түрде айтуға болады. Дәлірек айтсақ, Орхон-Енисей руналық жазбалары немесе түркі бітіктастарының мазмұны ежелгі түркі тайпаларында іс қағаздарының болғандығы жөнінде мәлімет береді. Мәселен, бұл жазбаларда жарлықтар, бұйрық, үндеу немесе жолдау, ереже, заң, т.б. ресми іс қағаздарының жазылғандығына тас жазбаларды оқу арқылы көз жеткізуге болады.

Түркі кезеңінің іздері

VI–VIII ғасырлардағы көне түрік жазба ескерткіштер тілінде қазіргі қазақ іс қағаздар тіліне тән элементтер мен құрылымдық ұқсастықтар бар. Ресми іс-қағаздар стилінің өзіндік белгілері, қазіргі іс қағаздар тілінде қолданылатын кейбір реквизиттері, сондай-ақ құрылымдық, мағыналық, үлгілерін VI–VIII ғасырлардағы көне түрік жазба ескерткіштерінде жатқандығын байқауға болады. Күлтегін және Білге қаған ескерткішін мұқият талдау барысында қазіргі іс қағаздарына тән деректемелерді, айталық, құжаттың күні, айы, жылы, қол қоюшының қолы, мәтіні, оны дайындаушының аты-жөні, кімге арналғандығы, құжатты қабылдаушының есімі сынды элементтерді кездестіруге болады.

Бұдан кейінгі кезеңдерде, яғни Алтын орда тұсында іс жүргізу мемлекетті басқарудағы маңызды істердің біріне айналған. Бұл іске білімді адамдар шенеуніктер ретінде қызметке шақырылған. Жазу-сызуы мен жазу материалдары ретке келтіріліп, айтарлықтай дамыған Шығыс пен Батысқа қарағанда Дешті Қыпшақта іс жүргізу кенже қалған деп айту қиынсыз. Дегенмен, іс қағаздарын дайындап, оларды тіркеп отырғанын нақты дәлелдеу қиын. Соған қарамастан төл тарихымыздың әртүрлі дәуірлері соларға сәйкес іс қағаздарының болғандығынан хабар береді.

Қазақ хандығы дәуірі

XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығы құрылып, дербес мемлекетке айналған тұста оның өзіндік рәміздері де қалыптасты. Хандық билік хан кеңесі арқылы іске асырылды. Мемлекеттің, сондай-ақ кеңестің арнайы кеңесі жұмыс істегенін сол кездегі іс қағаздары дәйектейді. XVIII ғасырда қазақ даласында іс жүргізу алдыңғы кезеңдердегідей өркендеп, өзіндік даму дәрежесіне жетті. Қазақ тіліндегі ресми іс қағаздарының саны өте көп. Мәселен, жарлықтар, хаттар, шағым хаттар, жеткізуші хабарламалар, хабарламаларды айтуға болады. Алыс және жақын көршілес, одақтас елдерге дипломатиялық сипаттағы хаттар дайындалып, жіберілді. Хаттар саяси, сауда-саттық, мәдени, рухани қатынастарды орнату және нығайту, тату көршілік қатынастарда тұру, берік одақ құру мақсатында жолданды. Осылайша ресми хат жазу, хат алысу дәстүрге айнала бастады. Хаттарды жеткізушілер елшілер, батырлар, қоғамдағы белді адамдар болған.

Хат жазудың әлемдік халықаралық қатынастар мен дипломатияның ережелеріне сәйкес өзіндік талаптары болды. Хат жолданған мемлекеттің билеушісінің есен-саулығы сұралып, оған деген құрмет білдірілгеннен кейін басты мәселе қысқаша баяндалған. Хатта баян етілмеген жайттарды

елшілер ауызша жеткізген. Қазақ хан, сұлтандардың ордаларында хатталған кеңсе қағаздары көне қазақ тілінде жазылды. Ескі қазақ жазба тілі Қазақ хандығы құрылып, нығайған кезеңдерде мемлекеттің саяси-әлеуметтік өмірінде маңызды рөл атқарды. Құжаттар негізінен араб графикасымен жазылғандықтан оларды оқу қиынға соғады, сол үшін арнайы білімі бар мамандар қажет. Қазіргі уақытта елімізде ортағасырлық парсы, мәнжу тілдеріндегі хаттарды оқи алатындар некен-саяқ.

Отарлық дәуір

Патшалық Ресейдің отарлық жүйесіне тартыла бастаған Қазақ даласында іс жүргізудің ауқымы кеңейе түсті. Олардың түрлері көбейіп, мазмұндары күрделенді. Қазақ даласындағы тарихи оқиғалар мен үдерістерге байланысты көптеген іс қағаздары дайындалды. XVIII ғасырдағы іс қағаздарының кейбіреулер «Материалы по истории казахского ханства» деп аталатын құжаттар жинағынан орын алған. Дегенмен, көп бөлігін орыс тіліндегі материалдар құрайды. Қазақ тіліндегі құжаттар тым аз, небәрі 10 құжат қана.

Мұның өзіндік себебі бар: іс қағаздары көбінесе Мәскеу, Петербор, Орынбор, Қазан тәрізді қалаларға жіберілді және орыс тіліне аударылды. Кеңестік кезеңде сондай хаттардың біразы «Материалы по истории Казахстана ССР» деген атаумен архив құжаттары мен материалдарының жинағы түрінде жарық көрсе, соңғы жылдары «Казахская степь в архивных документах», «Из истории колонизации «Степного киргизского края» деген жинақтар ғылыми қауымға ұсынылды. Құжаттардың көпшілігін кіші жүз ханы – Әбілқайыр және оның ұрпақтары атынан Орыс патшалығына немесе оның жергілікті әкімшіліктеріне жолданған хаттар құрайды. Бұл кезеңдегі ресми іс қағаздардың арасында қазақ хандарының, сұлтандарының, мәселен, Абылай, Уәли хандардың, Әбілпейіз сұлтанның және өзге де билеушілердің патшалық Орыс мемлекетіне, Цин патшалығына, Осман империясына, сефевидтік Иранға және солардың жергілікті әкімшіліктеріне жазған хаттары басым.

Өкінішке орай Қазақ елінен жолданған ресми хаттар өзімізде сақталмады. Құжаттар жіберілген елдерде хатталып, бүгінге дейін жеткен. Сол себепті, олар қазіргі уақытта Ресей, Қытай, Түркия тәрізді елдердің архив және кітапханаларының қорларында сақтаулы. Олардың біразы «Мәдени мұра», «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламалары аясында анықталып, жинақталды. Дегенмен, хаттардың көпшілігі әлі де болса беймәлім. Оларды анықтап, жинақтап, ғылыми айналымға түсіруге дайындау уақыт еншісінде қалып келеді.

Соларды талдау, зерделеу қажеттілігі уақыт өткен сайын байқалуда. Тың деректер молайса қазақ тарихының ауқымын кеңейіп, тарихи оқиғалар мен үдерістердің шынайылығы арта түсер еді. Мемлекет басшысының Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайда «қазіргі заманғы ғылыми тәсілдер негізінде төл тарихымызға арналған жаңа академиялық еңбек» жазудың маңызын айрықша атап өтті. Тың деректер қолданылса мемлекеттімізді нығайтуға және ұлтымыздың біртұтас тарихи сана-сезімін қалыптастыруға қосқан қомақты үлесіміз болмақ.

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің корректоры, әріптесіміз Кенжехан Нүсіповаға туған ағасы

Дүйсенбек НЕСІПБАЙҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы тарату бөлімінің менеджері, әріптесіміз Зулфия Хабироваға туған әпкесі

Райса Тұрғытқызы СЕГІЗБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОЛИМПИАДА КҮНДЕЛІГІ

«ШЫМБҰЛАҚТА» ШЫҢДАЛҒАН

«Милан-Кортина – 2026» қысқы Олимпиада ойындарының төрінде әлемнің 90-нан астам елінен келген 2900-ге жуық атлет бақ санады. Қазақстан намысын 36 спортшы спорттың 9 түрінен қорғап, алды алтын олжалап қайтты. Айтпақшы, бұл Олимпиада гендерлік теңдік бойынша рекордтық көрсеткішке ие деп отыр сарапшылар, яғни әйел спортшылар үлесі 47%-ды құраған.

Нұржамал
ӘЛІШ

Үздіктердің ізі

Жарыстар Италияның солтүстігіндегі екі негізгі қала (Милан және Кортина-д'Ампеццо) мен бірнеше альпілік аймақта (Валь-ди-Фьемме, Вальтеллина) өтті. Биыл бағдарламаға жаңадан ски-альпинизм (тау шаңғысымен өрлеу және түсу) түрі қосылыпты. Олимпиададағы ерлер арасындағы фристайл-могулды бастан-аяқ тамашалаған әріптесіміз, қоғам белсендісі Жаңыл Әпетова бізбен байланысқа шығып, әсерін бөліскен болатын.

– Маған 83.71 ұпаймен алтыннан алқа таққан 25 жастағы Купер Вудстің (Австралия) шебер өнерін көзбен көрудің сәтті түсті. Ол әлемдік могулды «королі» Микаэль Кингсбериді «тақтан тайдырған» санаулы спортшылардың бірі. 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасында 6-орын алып, үздіктер қатарына енген болатын. Төрт жыл бойы техникасын жетілдіріп, енді міне, ең үздік нәтижесін көрсетті. Купер Вудс, аңызға айналған Микаэль Кингсбери және олардың бапкерлері Қазақстанда бірнеше рет болған. Бұл кездейсоқтық емес. Өйткені, Алматының «Шымбұлағы» – олардың сүйікті трассасы, – деген еді Жаңыл Әпетова.

Иә, Кингсбери Микаэль өз сұхбаттарында Шымбұлақ трассасын әлемдегі ең

жақсы трассалардың бірі деп жиі атайды. Оған, әсіресе, таудың қалаға жақындығы және жанкүйерлердің ыстық ықыласы ұнайтын көрінеді.

– Купер Вудс 2019, 2021 және 2024 жылдары Алматыда өткен Әлем кубогында бақ сынады. Ол үшін Шымбұлақтың тік трассасы Олимпиада алдындағы үлкен дайындық мектебі болғаны анық. Австралиялық және канадалық бапкерлер Қазақстанның могул инфрақұрылымын жоғары бағалайды. Купер Вудс пен Микаэль Кингсберидің біздің Павел Колмаков және Юлия Галышевамен жақсы дос екенін де білдім. Олар халықаралық жарыстарда үнемі бірге жүреді. Кингсбери бірнеше рет қазақстандық могул мектебінің өте мықты екенін және Колмаков сияқты жігіттерден «сескентінін» айтқаны бар, – дейді Жаңыл Әпетова.

Аталмыш танымал спортшылардың Гиннестің рекордтар кітабына енген біздің «Шымбұлақ» тау шаңғы курортына келуі еліміздегі қысқы спорттың беделін көрсетеді. Олардың Шымбұлақтағы сәтті секірістері мен бапкерлердің жоғары бағасы – біздің елдің, оның ішінде Алматының әлемдік спорт картасындағы айшықты орнының дәлелі.

Әріптесіміз фристайл әлемінің алыбы – жапондық Гота Сакамотомен де тілдескенін жеткізді. Ол Алматыға бірнеше рет ат басын тірегенін айтыпты. «Мен әлемнің көптеген тау шаңғысы курорттарында

болдым, бірақ Алматының орны бөлек. «Шымбұлақ» трассасы өзінің күрделілігімен және техникалық талаптарымен таңғалдырады. Мұндағы қардың сапасы мен еңістің деңгейі әлемдік деңгейдегі могулшыларды дайындауға өте қолайлы. Мен Қазақстанға барған сайын спортшыларыңыздың техникасына таңғаламын. Олар жасанды ортада емес, нағыз табиғи жағдайда, мінзбен өскен чемпиондар», – депті Сакамото мырза.

Бойтұмар

Кеше алтыннан алқа таққан өзіміздің Михаил Шайдровтың қолынан аппақ жұмсақ ойыншықты байқаған боларсыздар. Ол – Олимпиада талисманы. Иә, әр Олимпиаданың өз бойтұмары болады. Бұл сонау 1968 жылдан бастап қалыптасқан дәстүр. Бұл жәй ғана символ емес, ол ұйымдастырушы елдің мәдени мұрасын бейнелейді, спортшыларға сәттілік сыйлайды және мерекелік атмосфера қалыптастырады. Бойтұмар рөлін көбіне ұлттық жануарлар, аңыз бен ертегі кейіпкерлері атқаратынын да байқап жүрміз.

Біз Италия елінде жүрген әріптесімізден қысқы Олимпиада ойындарының бойтұмары туралы сұрадық.

– Қысқы Олимпиада ойындарының ресми бойтұмары – Тина есімді аппақ аққалақ (ермелін) немесе ақкіс (горностай).



Ал оның інісі – Мило наурыз айында өтетін Паралимпиаданың бойтұмары болады. Ол дүниеге бір аяқсыз келген, сондықтан тапқырлық пен ерік-жігер танытып, құйрығының көмегімен қозғалады. Олардың есімдері – ойынды ұйымдастырушы қалалар атауларының қысқартылған нұсқасы: Тина есімі Кортина-д'Ампеццодан, ал Мило – Миланнан шыққан. Аққалақтар өздерінің батылдығымен, ептілігімен, жылдамдығымен және қорықпайтын қасиетімен танымал. Сонымен қатар, бұл өте ойнақы жануарлар. Осылайша Тина мен Мило көңілді және серпінді итальяндық рухты бейнелейді, – дейді әріптесіміз.

ФЕСТИВАЛЬ

ҮШ БІРДЕЙ ЖЕҢІС

Алматы командалары топ жарды

Астана қаласындағы EXPO халықаралық көрме орталығының павильондарында Central Asia FIRST Championship & Drone Racing 2026 халықаралық фестивалі өз мәресіне жетті. 10–13 ақпан аралығында өткен тек бәсеке емес, жасөспірімдерді инженерлік ойлауға баулу, робототехника саласындағы дағдыларын шыңдау және халықаралық тәжірибе алмасуға жол ашатын алаң болды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Суретті түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Фестивальге 7 елден 3 мыңнан астам мектеп оқушысы қатысып, өздерінің инновациялық жобалары мен робот техникасындағы шеберліктерін көрсетті. Байрақты додада Алматы қаласының командалары жоғары дайындық деңгейін танытып, бірнеше санат бойынша жүлделі орындарға ие болып, турнирдің басты фавориттерінің біріне айналды.

Жеңіске жеткен топ құрамында 7–10 жас аралығындағы «Әлем Innovators» командасы, сондай-ақ 10–16 жас аралығындағы Challenge санатында өнер көрсететін «Алаш» және «KazBots» командалары бар.

«Әлем Innovators» командасы 118 команданың ішінен суырылып шығып, абсолютті чемпион атанды. Бұл жеңіс жас инженерлерге АҚШ-тың Хьюстон қаласында өтетін әлемдік чемпионатқа қатысуға жолдама сыйлаған. Сонымен қатар, команда Қазақстанның ұлттық құрамасына енді. «Алаш» командасы 180 команданың ішінде II орынға ие болып, Афины қаласында (Грекия) 8–10 мамыр аралығында өтетін халықаралық жарысқа жолдама алды. Ал «KazBots» командасы III орынды жеңіп алып, Қытай елінде өтетін халықаралық кезеңге қатысу мүмкіндігіне ие болды.

«Central Asia FIRST Championship – тек жарыс емес, жасөспірімдердің инженерлік ойлауын дамытып, халықаралық тәжірибе алмасуға жол ашатын үлкен алаң. Жас инженерлердің алдағы әлемдік және халықаралық бәсекелерде де ел намысын абыроймен қорғайтынына сеніміміз мол», – деді команда менторы Айдана ЕРМЕК.

Бұл жеңістер – балалардың ғана емес, жүйелі түрде дайындалған тұтас бір орталықтың еңбегінің нәтижесі. Жас инженерлердің шығармашылық ойлауы мен командалық рух осындай нәтижеге жеткізді.



@AQSHAMY_KZ



TikTok



@AQSHAM_NEWS



f

www.aqshamnews.kz



01 745178 614887 >